		Білімдер: психологияның мазмұны, міндеттері, әдістері, ми және психика, жеке тұлғаның психикалық қасиеттерін; танымдық, эмоциялық – ерік процестерінің ерекшеліктерін; жеткіншек және жасөспірім балалардың	

ЖКП 01	<p>Психология. Психология пәніне кіріспе. Таным процестері: зейін, түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, қиял. Жас ерекшелік психологиясының негіздері. Педагогикалық психологияның негіздері.</p>	<p>психологиялық, жас ерекшеліктерін; мұғалім тұлғасының сапалары мен педагогикалық қабілеттері, оқу – тәрбие үрдісінің педагогикалық негіздерін. Іскерліктер: жеке тұлғаның психологиялық қасиеттерін тану және зерттеу, мидың рефлекторлық іс-әрекетін талдай алу; оқушылардың таным үрдістерінің ерекшеліктерін анықтау және сипаттау; әртүрлі жастағы балалардың психикалық және анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін айыра білу; оқыту және тәрбиелеу үрдісінде оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ескеру және диагностикалау.</p>	<p>БҚ 1,2,4, 5,7,9 КҚ 3.1.1, 3.1.4-3.1.8</p>
	<p>Педагогика. Педагогиканың жалпы негіздері: педагогика пәні және міндеттері, зерттеу әдістері, Қазақстан Республикасындағы білім</p>	<p>Білімдер: педагогика пәні, негізгі ұғымдары, әдістерін; білім беру жүйесінің даму тарихы, кезеңдерін; тәрбиенің мақсаттарын, бағыттарының мазмұнын ; сынып жетекшінің мақсаттарын, қызметтерін; дидактикалық ұғымдарды, оқытудың түрлерін, принциптерін, әдістерін, формаларын; педагогикалық кеңес, әдістемелік бірлестік жұмысы туралы; басқару әдістері, стилдері туралы; озат педагогикалық тәжірибе және инновация туралы.</p>	

ЖКП 02	<p>беру жүйесі, жеке тұлғаның даму, қалыптасу факторлары. Тәрбие теориясы: тәрбиенің мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістері, бағыттары. Дидактика. Мектептану негіздері.</p>	<p>Іскерліктер: педагогикалық зерттеу әдістерін қолдана білу; Қазақстан Республикасының білім туралы мемлекеттік құжаттарын өз жұмысы барысында басшылыққа алу; білім беру жүйесі туралы ақпараттарды жүйелеу; оқушыны зерттеу, оқушыға, сыныпқа мінездеме беру; оқыту және тәрбиелеу мазмұнын жоспарлау, әдістерін, құралдарын, формаларын қолдану; оқушылардың білім, іскерлік, дағдыларын бақылау және бағалау формаларын жүзеге асыру; оқушылармен өзара мақсатты әрекет ұйымдастыру.</p>	<p>БҚ 1,2,3,4,5, 6,7,8,9 КҚ 3.1.1, 3.1.2, 3.1.4 - 3.1.12</p>
ЖКП 03	<p>Этнопедагогика. Қазақ этнопедагогикасы: теориясы және ғылыми-әдіснамалық негізі. Халық педагогикасындағы тәрбиенің түрлері: дене, еңбек, эстетикалық, ақыл-ой, елжандылық, экологиялық. Х а л ы қ педагогикасындағы отбасы тәрбиесі. Білім беру жүйесіндегі қазақ этнопедагогикасы.</p>	<p>Білімдер: этнопедагогиканың пәнін, мақсатын, міндеттерін, зерттеу әдістерін; ақыл-ой, еңбек, эстетикалық, елжандылық, экологиялық тәрбиенің құралдарын. Іскерліктер: қазақ халқының тәрбие туралы мақал-мәтелдерін, әндерін жинақтау; қазақстандық педагогтардың этнопедагогикалық зерттеулерін оқу-тәрбие жұмысында қолдану; ұлтық тәрбие бойынша жұмысты жоспарлау.</p>	<p>БҚ 1,2,4,5,7,9 КҚ 3.1.2, 3.1.4, 3.1.8, 3.1.11</p>
		<p>Білімдер: мектептегі тәрбие жұмысының мақсаттарын, міндеттерін, бағыттарын;</p>	

ЖКП 04	<p>Тәрбие жұмысының әдістемесі. Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, тәрбиенің әдістері, формалары, сынып жетекшісінің іс - әрекеті, сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау. Сынып сағаттарын жоспарлау және өткізу. Жеке тұлғаны қалыптастыру моделі. Оқушыларға ұлттық тәрбие берудегі халықтық педагогика.</p>	<p>тәрбие әдістерін, тәсілдерін, құралдарын; тәрбие жұмысын жоспарлау ерекшеліктерін; сынып жетекшісінің міндеттері және функцияларын; оқушыларды тәрбиелеуде халықтық педагогиканы қолдану туралы. Искерліктер: тәрбие жұмысын жоспарлау және өткізу; тәрбиенің алуан түрлі әдістерін, тәсілдерін, құралдарын қолдану; сынып, сыныптан тыс, мектептен тыс іс-шаралардың алуан түрлерін ұйымдастыру; сынып жетекші жұмысын жүзеге асыру; ата-аналармен жұмыс жүргізу.</p>	<p>БҚ 1,2,4,5,6, 7,8,9 КҚ 3.1.2, 3.1.4, 3.1.8, 3.1.11</p>
ЖКП 05	<p>Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі. Педагогикалық зерттеудің әдіснамасы, зерттелетін мәселенің жағдайын талдау. Зерттеу әдістері: бақылау, педагогикалық тәжірибе, педагогикалық эксперимент. Сұрау әдістері. Математикалық білім беру саласындағы алдыңғы құжаттар: кітаптар, ғылыммақалалар, тезис-баяндамалар, энциклопедиялар, анықтамалық кітаптар, есептер мен диссертациялар, нормативті-техникалық құжаттар (стандарттар және т.б.), патенттер және басқа құқық қорғайтын құжаттар. Екінші деңгейлі құжаттар : аннотация, реферат</p>	<p>Білімдер: педагогикалық зерттеу әдістерін, эксперимент түрлерін, бақылау, сұрау әдістерін; зерттеудің логикасы және құрылымын; педагогикалық тәжірибені зерттеу және енгізу үрдісін. Искерліктер: бақылау, сауалнама, эксперимент өткізу; мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін зерттеу, жинақтау;</p>	<p>БҚ 1,2,4,7,9 КҚ 3.1.1, 3.1.5, 3.1.12</p>

	<p>және шолулар. Библиографиялық және реферативті басылымдар (реферативті журналдар). Студенттердің зерттеу жұмыстарының логикасы мен құрылымы, ғылыми жұмыстың нәтижелерін безендіру.</p>	<p>ғылыми жұмыс нәтижелерін безендіру.</p>	
	<p>Анатомия, физиология және мектеп гигиенасы. Кіріспе. Адам ағзасының морфофункциясы. Жүйке жүйесі және тірек-қимыл жүйесінің құрылысы, қызметі және гигиенасы.</p>	<p>Білімдер: ағзаның біртұтастығын қамтамасыз ететін негізгі механизмдер туралы; ағза мен қоршаған орта, құрылысы және қызметі арасындағы байланыстар туралы; жасуша мен ұлпалардың құрылысын, олардың қызмет ерекшеліктерін; жүйке жүйесінің негізгі қасиеті, құрылысы, маңызын; жоғары дәрежелі жүйке әрекетінің теориялары, тежелу түрлерін; сезім мүшелерінің жіктелуін, анықтамасын; тірек–қимыл аппаратының құрылысы мен қызметін, оның әрбір жас кезеңіндегі физиологиялық өзгешеліктерін; ішкі секреция бездерінің құрылысы мен маңызын; ағзадағы зат алмасудың маңызы мен түрлерін; қан айналым жүйесі мен маңызын, жүректің құрылысы мен қызметін; тыныс алу жүйесінің құрылысы мен маңызын; ас қорыту жүйесінің құрылысы мен маңызын; терінің құрылысы мен маңызын. Іскерліктер: антрометриялық өлшемдер өткізу, оны орта статистикалық көрсеткіштермен салыстыру;</p>	

ЖКП 06

Жүрек –қан тамырлар жүйесі. Тыныс алу жүйесі. Ас қорыту жүйесі . Зат алмасу. Зәр шығару жүйесі. Тері. Ағзаны шынықтыру. Оқушыларды қоршаған ортаға қойылатын гигиеналық талаптар.

ОЖЖ және вегетативті жүйке жүйесі, сезім мүшелері, зәр шығару жүйесі құрылыстары туралы мылқау кестелермен жұмыс істеу ;
жоғары дәрежелі жүйке әрекетінің түрлері мен жас ерекшеліктерін ажырата білу;
жас ерекшеліктеріне байланысты жұмысқа қабілеттіктерін ескере отырып, сабақ кестесінің дұрыс құрылуын талдау;
сабақ бөлмесінің жарықтылығы, боялуы, жабдықталуына қойылатын гигиеналық талаптарды талдау;
мектеп жасындағы балалардың негізгі зат алмасу көрсеткіштерін анықтау;
балалар мен жасөспірімдерде туындайтын аурулар, олардың алдын алу жолдарымен жұмыс;
жүрек жұмысының жағдайын зерттеу әдістерін анықтау;
бауырдың асқорытудағы маңызын анықтау;
балалар мен жасөспірімдердің тамақтану тәртібін, гигиенасын сақтау;
ауа, күн, сумен шынығудың ережесін құру;
күйіп қалу, үсіп қалу кезінде алғашқы жәрдем көрсету.

БҚ 1,2,4,7,8,9
КҚ 3.1.1,3.1.4

Жаңа педагогикалық технологиялар.

Білімдер:
Оқыту технологиясының мәні, құрылымын;
педагогикалық технология түрлерін;
ынтымақтастық педагогикасы, жеке ізгілік, проблемалық

ЖКП 07

Педагогикалық технология түсінігі, түрлері: дамытушылық ойындар технологиясы, педагогикалық қарым-қатынаста жеке тұлғаны ізгілендіру және демократияландыруға негізделген технологиялар, оқушылардың іс-әрекетін белсендіру және күшейту негізіндегі педагогикалық технологиялар, әдістемелік білім жетілдіру және дидактикалық қайта құрастыру негізіндегі педагогикалық технологиялар, оқыту үрдісін тиімді басқару және ұйымдастыру негізіндегі педагогикалық технологиялар, дамыта оқыту технологиялары. Авторлық мектептердегі оқыту технологиялары. Компьютерлік технология. Мультимедиа-технология . Желілік технология, Интернет-технология. Қашықтықтан оқыту технологиясы. Интерактивтік технология Ақпараттық-коммуникациялық технология. Электрондық-әдістемелік жүйе жағдайында болашақ мұғалімнің әдістемелік жұмысқа дайындығы.

оқыту, ойын дидактикалық бірліктерді ірілендіру, модульдік, компьютерлік, дамыту, деңгейлеп-саралап, оқытудың ұжымдық және топтық тәсілі, түсіндіре басқарып оза оқыту т.б. технологиялардың ерекшеліктері мен мазмұнын; ақпараттық-оқыту ортасы туралы; компьютерлік технология туралы; мультимедиа технологиясының жұмыс принциптерін; желілік және Интернет-технологиясы мүмкіндіктерін; қашықтықтан оқыту туралы; АКТ, интерактивті оқыту технологиялары туралы. Іскерліктер: педагогикалық технологияларды жіктеу, талдау және айыру; оқу ақпаратын модульдеу ; жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланып сабақтарды жоспарлау; практикада педагогикалық технологияларды қолдану; компьютер, интерактивті тақта және қосымша құрылғыларын, мультимедиа-технология ны пайдалану; оқу мақсатында электрондық қорларды, электрондық оқыту бағдарламаларын, Интернет мүмкіндіктерін қолдану.

БК 1,2,4,5,7,9

КҚ 3.1.2, 3.1.3, 3.1.4, 3.1.5 , 3.1.6, 3.1.10, 3.1.11, 3.1.12

Білімдер:

педагогикалық шеберлік элементтері: ізгілендіру

ЖКП 08	<p>Педагогикалық шеберлік негіздері. Педагогикалық техника. Мұғалімнің сөйлеуі. Оқушылар мен мұғалімнің қарым-қатынас мәдениеті . Мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін басқарудағы шеберлігі.</p>	<p>бағытын, педагогикалық қабілет, кәсіптік білім, педагогикалық техниканы; педагогикалық техника компоненттерін; мұғалімнің дидактикалық , ұйымдастырушылық, коммуникативтік біліктерін; педагогикалық қарым-қатынас, қызметі, стильдері, құрылымын; сендіру мен әсер ету тәсілдерін. Іскерліктер: өз педагогикалық шеберлігі деңгейін көтеру; өзін-өзі тануға қажеттілікті тәрбиелеу; оқушыларды танымдық жұмысқа жұмылдыру, ұжыммен және жеке тұлғамен қарым-қатынас орнату, бақылау жүргізу, ұжымды ұйымдастыру; оқушылармен қарым-қатынас орнату, ынтымақтастық педагогикасы негізінде танымдық қызметтерін басқару.</p>	<p>БҚ 1,2,4,5,7,9 КҚ 3.1.2, 3.1.4, 3.1.8, 3.1.11</p>
ЖКП 09	<p>Менеджмент негіздері. Менеджмент ғылым ретінде. Басқару ойлары теориясының дамуы. Менеджменттің ғылым ретінде дамуының бағыттары мен мектептері. Басқару ғылымы. Басқару мәдениеті. Басқару әдістері. Менеджмент мазмұны, әдістері мен қызметі. Ішкі және сыртқы ортаны басқарудың кешенді жүйесі. Басқару функциялары. Дәстүрден тыс ғылыми басқару. Менеджмент деңгейлері.</p>	<p>Білімдер: менеджменттің дамуындағы мектептердің бағыттарын ; менеджмент жүйесі мәні, функциялары мен деңгейлерін; педагогикалық менеджмент туралы; басқару және өзін-өзі басқару әдістерін; микроәлеуметтік басқару принциптерін; менеджер қызметінің спектрі туралы;</p>	<p>БҚ 1,2,4,7,9 КҚ 3.1.1, 3.1.5, 3.1.12</p>

	<p><i>Кәсіпорын менеджері және басқару тиімділігі.</i></p> <p>Менеджер басқарушы ретінде. Қызметкерлерге жеке қарым-қатынас. Менеджер қызметінің кең ауқымдылығы. Жоспар құру. Жұмыстың жоғары нәтижелілігі.</p> <p>Жоспарлау -кәсіпорынды басқару жүйесі ретінде.</p> <p>Бизнес – жоспар. Бизнес – жоспар құрылымы.</p> <p>Педагогикалық менеджмент теориясы, әдістемесі мен технологиясы.</p>	<p>бизнес-жоспар құрылымы туралы.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>а д а м и қарым-қатынастарды және тәртіптерін реттеу; басқару әдістерін қолдану;</p> <p>бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету;</p> <p>микроәлеуметтік басқару принциптерін қолдану;</p> <p>қызметкерлерге жеке қарым-қатынас таба алу;</p> <p>бизнес-жоспар жасақтау.</p>	
ЖКП 10	<p>Мемлекеттік тілде іс-қағаздарын жүргізу.</p> <p>Іс жүргізу ұғымы, жүйесі және іс-жүргізуді ұйымдастыру.</p> <p>Ұйымдастырушылық-өкімдік, нормативтік-құқықтық, анықтамалық құжаттар. Еңбек қатынастарын құжаттау. Істі рәсімдеу, сақтау және мұрағатқа тапсыру. Қызметтік этикет.</p>	<p>Білімдер:</p> <p>іс-қағаздарын жүргізу негіздерін;</p> <p>қызметтік құжаттарды; кәсіптік терминдерді; қызметтік этикетті;</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>іс-қағаздарын жүргізу; істі рәсімдеу, сақтау және мұрағатқа тапсыру;</p> <p>кәсіптік бағыттағы мәтінді, іскерлік құжаттарды өңдеу және жетілдіру.</p>	<p>БҚ 4,5,6,7,9</p> <p>КҚ 3.1.4, 3.1.5, 3.1.9</p>
АП 00	Арнайы пәндер		
		<p>Білімдер:</p> <p>цифрлар сандарды таңбалау және позициялық санау жүйесі ретінде берілуін;</p> <p>нақты сандарды және олардың жазылуын;</p> <p>жай бөлшектерді рационал сандар түрінде жазуды;</p> <p>ондық бөлшектерді; координаталық түзуді;</p> <p>алгебралық (немесе рационал) бөлшектерді;</p> <p>басқа есептеу жүйелері туралы;</p> <p>комплекс сандарды;</p> <p>сан ұғымының кеңеюін;</p> <p>функция анықтамасын;</p> <p>сандық функцияларды;</p>	

АП 01

Мектеп математикасы курсы негіздері.

Нақты сандар.
Алгебралық (немесе рационал) бөлшектер.
Басқа есептеу жүйелері туралы. Комплекс сандар . Сан ұғымының дамуы.
Функция. Сандық функциялар.
Функциялардың қасиеттері және олардың геометриялық бейнелері.
Функцияның үзіліссіздігі және шегі. Негізгі элементар функциялар.
Дәрежелік, көрсеткіштік, логарифмдік, тригонометрикалық функциялар. Бұрыш пен бұрудың градусық және радиандық өлшемдері.
Негізгі қарапайым теңдеулердің қасиеттері және графиктерінің эскизі.
Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер.
Кері тригонометрикалық функциялар.
Теңдеулер. Теңсіздіктер.
Мектеп геометрия оқулығындағы аксиомалар жүйелері.
Планиметрияның негізгі ұғымдары.
Стереометрияның негізгі ұғымдары.
Комбинаторика. Негізгі комбинаторлық ереже.

функциялардың қасиеттері және олардың геометриялық бейнелерін ;
функцияның үздіксіздігі және шегін;
негізгі элементар функцияларды;
дәрежелік функция қасиеттерін;
көрсеткіштік және логарифмдік функциялардың қасиеттерін;
тригонометрикалық, периодты функциялардың қасиеттерін;
бұрыш пен бұрудың градусық және радиандық өлшемдерді;
негізгі элементар функциялардың қасиеттері және графиктерінің эскиздерін;
негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді;
кері тригонометрикалық функцияларды;
функцияларға амалдар қолдануды;
комбинаторика және негізгі комбинаторлық ережелерді;
Іскерліктер:
нақты сандармен арифметикалық амалдарды орындау;
бұрыс бөлшекті дұрыс бөлшектерге айналдыру;
Евклид алгоритмін пайдалану;
теңдеу мен теңсіздікті, рационал теңсіздікті, тригонометриялық теңсіздіктерді шешу;
салу есептерін шығару;
дене беттерін, көлемдерін есептеу;
Дағдылар:
нақты сандармен арифметикалық амалдар орындау;

БК 2,4,9

	<p>сандардың бөлінгіштігін, жай сандар қасиеттерін, комбинаторикалық қосындыларды орындау; алгебралық өрнектерді түрлендіруді, теңдеуді, теңсіздікті, теңдеулер жүйесін тиімді жолмен есептеу;</p> <p>стандартты емес есептерді шығару және талдау;</p> <p>геометриялық есептерді шығаруда және дәлелдеуде сызбаларын шығару жолдарын нақты көрсету;</p> <p>теңдеулер мен теңдеулер жүйесін,</p> <p>тригонометриялық және қарапайым өрнектерді түрлендіруге есептер шығару.</p>	<p>КҚ 3.1.2, 3.1.4- 3.1.6, 3.1.10</p>
<p>АП 02</p>	<p>Математикалық есеп шығару практикумы.</p> <p>Арифметика практикумы (нақты сандарға арифметикалық амалдар, периодты және ондық бөлшектер, Евклид алгоритмі, математикалық индукция тәсілі, комбинаторика).</p> <p>Алгебра практикумы (өрнекті түрлендіру, теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешу,</p>	<p>Білімдер:</p> <p>нақты сандармен орындалатын арифметикалық амалдарды;</p> <p>периодты бөлшекті және ондық бөлшекті жасауды; ЕҮОБ, ЕКОЕ, Евклид алгоритмін;</p> <p>математикалық индукция әдістерін;</p> <p>комбинаторикалық қосындыларды, Ньютон биномы формуласын;</p> <p>теңдеуді және теңдеулер жүйесін шешуді, тригонометриялық түрлендірулерді, теңдеулер мен теңсіздіктерді;</p> <p>рационал, модуль таңбасымен берілген теңдеу мен теңсіздікті; дәлелдеуге берілген есептерді шешу, стандартты емес есептерді шешуді; көлем, аудан, дене беттерін есептеуді;</p> <p>БҚ 2,4,9</p>

	<p>теңсіздіктер, тригонометриялық түрлендіру, теңдеу және теңсіздік).</p> <p>Анализ бастамалары. Ықтималдықтар теориясы.</p> <p>Геометрия практикумы (планиметриялық дәлелдеулер, көпжақтар, айналу денелерін салу есептері, көлемдерін, аудандарын және дене беттерін есептеу).</p>	<p>көпжақтар, айналу денелерін салуға берілген есептерді.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>нақты сандармен арифметикалық амалдарды орындау; ЕҮОБ, ЕҚОЕ, Евклид алгоритмін пайдалану; комбинаторлық қосындыларды практикада қолдану; теңдеуді және теңдеулер, теңсіздік және теңсіздіктер жүйесін шешу; айналу денелері беттері, көлемдерін есептеу;</p> <p>Дағдылар:</p> <p>комбинаторикалық қосындыларды орындау; алгебралық өрнектерді түрлендіру, теңсіздіктерді, теңдеулер жүйесін тиімді жолмен есептеу; стандартты емес есептерді шығару және талдау.</p>	<p>КҚ 3.1.2, 3.1.4- 3.1.6, 3.1.10</p>
	<p>Білімдер:</p> <p>математиканы оқыту әдістемесінің мақсатын, міндеттерін, мазмұнын;</p> <p>математиканы оқыту әдістемесінің басқа пәндермен байланысын;</p> <p>математикадан оқу-әдістемелік кешенді;</p> <p>математика сабақтарының мақсаты мен міндеттерін;</p> <p>оқыту әдістері мен формалары, құралдарын;</p> <p>сабақ түрлері мен типтерін;</p> <p>бағалау нормасы, оқушылардың ауызша және жазбаша жауаптарына қойылатын талаптарды;</p> <p>математикадан кластан тыс жұмыстардың</p>		

АП 03

Математиканың оқыту теориясы мен әдістемесі.

Математика курсының жалпы білім беру мен ғылыми дүниетанымдық көзқарасты қалыптастырудағы мәні. Математикалық модельдер туралы түсінікті қалыптастыру. Математиканы оқыту әдістемесі пәні (мазмұны, мақсаты, мәні). Оқушыларды мектеп математикасы курсының негізгі ұғымдарымен таныстыру әдісі. Математика бағдарламаларына талдау жасау. Математикасы оқулықтары мен оқу құралдарын талдау. Математиканы оқытуда индукция мен дедукцияны, анализ бен синтезді, проблемалы оқытуды қолдану. Оқушылардың білімін тексерудің формалары мен әдістері. Математиканы тереңдете оқытатын мектептер мен кластардағы мұғалімнің жұмыс спецификасы.

мақсаты мен міндеттері, түрлерін;
математиканы тереңдетіп оқытатын мектеп, кластардағы мұғалім жұмысының ерекшелігін;
математикадан факультативтік сабақтарды (мақсаты, мазмұны мен өткізу әдістері);
математика әдістемесінің даму тарихын;
оқулықтан материал таңдауды;
сабақ үзінділерін жасақтау мен өзбетімен өткізуді;
көрнекі-демонстрациялық материал даярлауды;
күнтізбелік –тақырыптық жоспарға қойылатын талаптарды;
математика сабағының конспект-жоспарының құрылымын;
мектеп математикасы оқулықтары мен оқу құралдарының мазмұнын;
математиканы оқытудағы өзекті мәселелерді;
теория мен практиканың байланысын;
ғылыми-әдістемелік әдебиетпен жұмысты;
математиканы оқытуда индукция мен дедукцияны, анализ бен синтезді, проблемалық оқытуды қолдануды;
сан жүйелерін оқыту әдістемесін;
функция ұғымын енгізу әдістемесін;
мектеп геометриясының логикалық құрылымын;
геометриялық салуларды оқыту әдістемесін;
планиметрия және стереометрияны оқыту әдістемесін;

БҚ 2,4,9

КҚ 3.1.2- 3.1.7, 3.1.9-3.1.12

<p>Математикадан факультативтік сабақтар.</p> <p>Математикадан кластан тыс жұмыстар.</p> <p>Сан жүйелерін оқыту әдістемесі.</p> <p>Функция ұғымын енгізу әдістемесі.</p> <p>Мектеп геометриясының логикалық құрылымы.</p> <p>Геометриялық салуларды оқыту әдістемесі.</p> <p>Планиметрия және стереометрияны оқыту әдістемесі.</p>	<p>теорема түрлері мен құрылымын;</p> <p>математикалық түсініктерді әдістемелік талдауды;</p> <p>математика тілі алфавитін;</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>анықтамалар, аксиомалар , теоремалар мен леммалардың құрылымын анықтау;</p> <p>теорема түрлерін құрау және теорема құрылысын анықтау;</p> <p>геометриялық сызбалар салу;</p> <p>түрлі алгоритмдер құру;</p> <p>математикадан мектеп бағдарламасы, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен мазмұнын талдау;</p> <p>сабақ үстіндегі "сабақ" өткізу;</p> <p>математикадан түрлі сабақ типтерін өткізу;</p> <p>математикадан факультативтік сабақтар мен кластан тыс жұмыстар ұйымдастыру;</p> <p>көрнекі-демонстрациялық материал мен электрондық-оқулықтарды пайдалану;</p> <p>күнтізбелік-тақырыптық жоспарды,</p> <p>математикалық диктант, тест, бақылау және өзбетіндік жұмыстарды жасақтау;</p> <p>жаңашыл-педагогтардың тәжірибесін зерттеу;</p> <p>Дағдылар:</p> <p>білім стандарты мен оқу бағдарламасын талдау;</p> <p>оқу ақпаратын логикалық құрылымдау және алгоритмдеу;</p> <p>математикадан сабақ, сыныптан тыс жұмысты жоспарлау және өткізу;</p> <p>машықта инновациялық педагогикалық</p>
--	---

		технологияларды пайдалану; қатемен жұмысты жүргізу әдістемесін меңгеру.
АП 04	<p>Математика тарихы және әдіснамасы. Математикалық білімдердің жинақталу кезеңі. Математикалық ғылымның құрылуы (б.з.д.VI ғ. – б.з.VI ғ.). VII–XVI ғасырлардағы тұрақты шамалардың математикасы XVII-XIX ғасырлардағы математиканың даму панорамасы. XVI–XIX ғасырлардағы алгебра, математикалық талдаудың дамуы. Геометрияның тарихы. Кездейсоқ оқиғалар, күйлер және процестердің математикасы. Қазақстандағы математика.</p>	<p>Білімдер: математиканың даму тарихын; математика пәні туралы ғылыми түсініктер, математиканың дамуында практиканың рөлі туралы; математиканың басқа пәндермен байланысын; математиканың даму заңдарының диалектикалық мінездемесі туралы; математик мамандарды даярлауда математика тарихының рөлі туралы; алғашқы математикалық түсініктер мен әдістердің қалыптасуы туралы; ежелгі Египет, Вавилон, Қытай, Үнді математикасын; ежелгі Грециядағы алғашқы математикалық теория туралы; қарапайым математика кезеңіндегі жалпы түсініктер туралы; Орта Азия мен Таяу Шығыс халықтарының математикасы туралы; Европаның қайта өрлеу дәуіріндегі және орта ғасырлардағы математика туралы; математикадағы айнималы шамалардың басталу кезеңі туралы; аналитикалық геометрияның пайда болуы туралы; XIX ғасырдағы математиканың даму сипаты туралы; Қазақстандағы математиканың дамуы туралы;</p> <p>БҚ 2,4,9</p>

		<p>Іскерліктер: математиканың негізгі даму кезеңдеріне қысқаша сипаттама беру; әдебиеттер көмегімен берілген сұрақтарға жауап беру; математика тарихындағы типтік тапсырмаларды шеше отырып, оларды қазіргі кезеңгі есептерді шешу әдістерімен салыстыру; Дағдылар: жаңа технологияларды пайдалану; ғылыми жұмысты рәсімдеу.</p>	<p>КҚ 3.1.2, 3.1.4- 3.1.6, 3.1.10</p>
<p>АП 05</p>	<p>Математикалық талдау. Математикалық талдауға кіріспе. Бір айнымалы функцияның математикалық талдауы. Дифференциалдық</p>	<p>Білімдер: жиын ұғымын; нақты сандар және оның қасиеттері, нақты сандарды геометриялық кескіндеуді; математикалық индукция әдісін, Ньютон биномы формуласын; сандық тізбекті; функция ұғымын; функция шегі, функция шегі туралы теоремаларды; туынды және дифференциал ұғымдарын; дифференциалдау ережесін, күрделі функция мен жоғарғы ретті туындыны есептеуді; дифференциалдың негізгі теоремаларын; анықталмаған және анықталған интегралдың негізгі қасиеттерін, әртүрлі тәсілдерін; меншіксіз интеграл анықтамасын; бірнеше айнымалыдан тұратын функция ұғымын және геометриялық бейнеленуді;</p>	<p>БҚ 2,4,9</p>

<p>есептеу. Интегралдық есептеу. Бірнеше айнымалысы бар функцияның математикалық талдауы. Қатарлар.</p>	<p>дербес туындыларды, қос интегралдың анықтамасын; сандық қатар және дәрежелік қатардың анықтамасын; Іскерліктер: нақты сандарға амалдар қолдану; математикалық индукция тәсілімен дәлелдеу; шек анықтамасын, тамаша шектердің қасиеттерін қолдану; дифференциалдаудың негізгі теоремаларын қолдану; анықталған және анықталмаған интегралды есептеу; интегралдаудың тиімді тәсілдерін қолдану; бірнеше айнымалылы функция ұғымын қолдану ; дербес туындыны табу; Дағдылар: берілген функцияға кері функция табу есептерін шешу; интегралдаудың әр түрлі тәсілдерін есептер шығаруда қолдану.</p>	<p>КҚ 3.1.2, 3.1.4- 3.1.6, 3.1.10</p>
	<p>Білімдер: негізгі ұғымдар, Буль алгебрасы және кездейсоқ шамалар түрлерін; ықтималдықтар теориясының аксиоматикалық негіздерін; ықтималдықтың классикалық анықтамасын және геометриялық мәнін; ықтималдықтың статистикалық анықтамасы мен оқиғаның салыстырмалы жиілігін;</p>	

АП 06

Ықтималдық теориясы және математикалық статистика.

Кездейсоқ оқиғалар.

Негізгі ұғымдар. Буль алгебрасы және кездейсоқ оқиғалардың түрлері. Кездейсоқ шамалар.

Дискретті кездейсоқ шамалар. Үлкен сандар заңы. Оқиғалардың салыстырмалы жиілігі ұғымы. Корреляция моменттері. Корреляция коэффициенті.

Математикалық статистика элементтері.

есеп шешуде комбинаторика элементтерін қолдануды; шарты ықтималдық, ықтималдықтарды көбейту теоремасын; тәуелді оқиғалар ықтималдықтары, толық оқиға теоремасын мен Бейес формуласын; Лапласың локальдық және интегралдық теоремасын; кездейсоқ шамалардың түрлері, таралу заңдары мен графигін; математикалық күту формуласын және ықтималдық мағынасын; П.Л.Чебышев теңсіздігін және оны практикада қолдануды; бірнеше кездейсоқ шамалар жүйесін; интегралды функцияның таралу қасиеттері және оның практикада қолданылуын; корреляциялық коэффициентін; Іскерліктер: оқиғалардың толық жүйесін, шарты ықтималдық, тәуелді оқиғалары ықтималдықтарын көбейту теоремасын ажырату; қайталау сынағына берілген есептерді шешуде Бернулли формуласын пайдалану; сандық сипаттамаларды шешуде кездейсоқ дискретті шаманы табу; математикалық күту теоремаларын, мысалдарын пайдалану; дифференциалдық таралу функциясы анықтамасының мәнін ашу;

БҚ 2,4,9

		<p>екі кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын мысалдарды шешуде қолдану; корреляциялық момент, корреляциялық коэффициентті практикада қолдану; Дағдылар: комбинаторлық есептерді , шартты ықтималдық және ықтималдықтарды көбейту есептерін шығару; Чебышев теңсіздіктерін шешу; корреляция коэффициенттерін табуға берілген есептерді шешу.</p>	<p>КҚ 3.1.2, 3.1.4- 3.1.6, 3.1.10</p>
<p>АП 07</p>	<p>Математикалық логика. Логика пәні және маңызы . Ұғым. Ұғым түрлері. Пікір. Қарапайым және күрделі пікірлер. Дедуктивті және индуктивті ой қорытынды. Аргументация. Софизм.</p>	<p>Білімдер: логиканың теориялық және практикалық мәнін; ұғымның танымдық маңызын, практикада ұғымның көлемі және мазмұнын пайдалануды; үйлесімді және үйлесімсіз ұғымдар анықтамасын; пікірлер құрамын және логикалық мәнін; құрылымды: шарты және қорытындысын, олардың арасындағы байланысты; математикалық индукция , ғылыми индукция, индукция мен дедукцияның бірлігін; дәлелдеудің логикалық құрылымын; жоққа шығару тәсілдерін, мақсатын және олардың арасындағы байланысты; ғылыми зерттеуді және ғылыми логиканы тану кезеңдерін; Іскерліктер: ойын жүйелі түрде айту; сөйлем мен пікірді ажырату;</p>	<p>БҚ 2,4,9 КҚ 3.1.2, 3.1.4- 3.1.6, 3.1.10</p>

<p>АП 08</p>	<p>Есептерді шешудің әдістемелік негіздері. Математикалық есептерді шешуді үйретудің сипаттамалық ерекшеліктері, дидактикалық және әдістемелік кезеңдерін тұжырымдау. Математиканы үйретудегі есептің қызметі. Есеп шешу кезеңдерін анықтау. Бір есепті әртүрлі әдістермен шешу. Кері есеп құру.</p>	<p>қарапайым пікірлерді ажырату, ақиқат кестесін құрастыру; Дағдылар: ұғым түрлерін анықтау; қарапайым пікірді күрделі пікірден айыру; предикаттарға амалдар қолдану; ақиқат кестесін құру; аргументация, ғылыми таным логикасы, дәлелдеу, софизм, факт, проблема, гипотезаны практикада қолдану.</p> <p>Білімдер: математика сабақтарының мақсаты мен міндеттерін; мектеп математикасы курсының мазмұнын; дидактикалық принциптерін; әдістемелік кезеңдері және ерекшеліктерін тұжырымдауды; математиканы есепті шешуді оқытудың ролін; математиканы оқытудағы есептің түрлері мен функцияларын; есеп шешу кезеңдерін; бір есепті бірнеше тәсілмен шешуді; кері есеп құруды; стандартты емес есептерді шешуді; есеп шешудің әдістемелік-мазмұндық бағыттарын; Іскерліктер: есептің моделін және әртүрлі есептерге алгоритм құру; есеп шығаруды және оқытудың жалпы әдістерін қолдану; есептің түрін анықтау; есепке талдау жасау, есепті шешу барысында қолдану;</p> <p>БҚ 2,4,9</p>

	<p>Есеп шешудің мазмұндық-әдістемелік бағыттары.</p>	<p>есеп шешу процесін кезеңдерге бөлу, практикада қолдану; бір есепті бірнеше тәсілмен шешу; кері есеп құру; стандартты емес есептерді талдау және шығару; Дағдылар: есептерді шешудің ерекшеліктерін ескеру; дидактикалық және әдістемелік кезеңдерін тұжырымдау; стандартты емес есептерді шығару, талдау және тиімді жолмен есептей білу; бір есепті әртүрлі тәсілмен шығару.</p>	<p>КҚ 3.1.2, 3.1.4- 3.1.6, 3.1.10</p>
<p>АП 09</p>	<p>Алгебра және сандар теориясы. Комплекс сандар. Матрица. Анықтауыштар . Сызықтық теңдеулер жүйесін шешу. Гаусс тәсілі. Крамер тәсілі. Сызықты теңсіздіктерді шешу.</p>	<p>Білімдер: комплекс сандар жазықтығын; комплекс санының алгебралық түрін; комплекс сандардың геометриялық кескінін; жоғары дәрежелі және түбір астынан шығаруды; матрицаны, матрицаға амалдар қолдануды, кері матрицаны; екінші және үшінші ретті анықтауыштарды; сызықты теңдеулер жүйесін; сызықты теңсіздіктерді, теңсіздіктерді график арқылы шешуді; Іскерліктер: комплекс сандарға қолданылатын амалдарды геометриялық түрде сипаттау; матрицаларға амалдар қолдану, кері матрицаны есептеу; екінші, үшінші ретті анықтауышты есептеу;</p>	<p>БҚ 2,4,9 КҚ 3.1.2, 3.1.4- 3.1.6, 3.1.10</p>

		<p>сызықтық теңдеулер жүйесін Гаусс, Крамер тәсілімен есептеу;</p> <p>сызықты теңсіздіктерді графиктік тәсілмен шешу ;</p> <p>Дағдылар:</p> <p>комплекс сандарды табуға есеп шығару;</p> <p>сызықтық теңдеулер жүйесін шешу;</p> <p>матрицаны анықтауға, матрица анықтаушынын табуға есептер шығару;</p> <p>сызықты теңсіздіктерді графиктік тәсілмен шешу .</p>	
<p>АП 10</p>	<p>Аналитикалық геометрия</p> <p>•</p> <p>Жазықтықтағы аналитикалық геометрия. Кеңістіктегі аналитикалық геометрия. Геометриялық салулар (жазықтық пен кеңістік). Проективті геометрия элементтері.</p>	<p>Білімдер:</p> <p>тік бұрышты және полярлық координаталар жүйесін;</p> <p>аналитикалық геометрияның қарапайым есептерін;</p> <p>тік бұрышты координаталарды түрлендіруді;</p> <p>сызықтардың екінші реттік теңдеуін;</p> <p>кеңістіктегі тік бұрышты координаталар жүйесін;</p> <p>вектор ұғымын;</p> <p>векторларға сызықтық амалдар қолдану және олардың қасиеттерін;</p> <p>проективті жазықтық пен кеңістік аксиомаларын;</p> <p>конструктивті есептерді;</p> <p>параллель және ортогональ проекциялауды;</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>нүкте мен түзудің арақашықтығын анықтау;</p> <p>кеңістікте тікбұрышты координаталарды анықтау;</p> <p>векторларға амалдар қолдану;</p> <p>екінші ретті қисықтардың теңдеуін құру;</p>	<p>БҚ 2,4,9</p> <p>КҚ 3.1.2, 3.1.4- 3.1.6, 3.1.10</p>

		<p>проективті жазықтық пен кеңістік аксиомаларын пайдалану;</p> <p>конструктивті, позициялық және өлшеу есептерін шығару;</p> <p>Дағдылар:</p> <p>тік төртбұрышты және скаляр координатаны табуға, түзу сызықты теңдеулерді шешуге берілген есептерді шешу; векторларға амалдар қолдану;</p> <p>жазықтықтағы түрлендірулерді және геометриялық салу әдістерін орындау.</p>	
	<p>Компьютерлік технология (модельдеу).</p> <p>Алгоритм. Алгоритмдер теориясы. Тьюринг машинасы. Тьюринг тезисі және оның негіздемесі. Марков алгоритмі. Алгоритмнің қасиеттері. Орындаушы түсінігі. Орындаушы командаларының жүйесі. Алгоритмнің берілу тәсілдері: табиғи, графикалық, алгоритмдік, программалау тілдері. Алгоритмдік және графикалық тілдерде алгоритмнің жазылу ережесі. Алгоритм түрлері: сызықтық, тармақталған, циклдық. Көмекші алгоритм түсінігі. Есеп шығару кезеңдері: қойылымы, алгоритм, әдіс, математикалық модель, программа, нәтижені талдау. Қадамдық талдау әдісі. Программалау тілдері. Интерпретатор, компилятор. Трансляциялау, қосалқы процессор. Turbo Pascal программалау тілінің алфавиті. Программалау</p>	<p>Білімдер:</p> <p>алгоритм түсінігін, қасиеттерін, берілу тәсілдерін, түрлерін; алгоритмдер теориясын; интерпретатор, компилятор, трансляциялау, қосалқы процессор ұғымдарын; Тьюринг машинасын, Тьюринг тезисі және оның негіздемесін;</p>	

<p>АП 11</p>	<p>тілінде алгоритмнің жазылу ережесі. Программалау жүйесінің мүмкіндіктері. Программа түсінігі және оның құрылымы. Командалар мен операторлар. Мәліметтер типі түсінігі. Мәліметтердің стандартты типтері. Айнымалы түсінігі, оның негізгі сипаттамалары: аты, типі, мәні. Өрнек түсінігі. Өрнекте түрлі типтегі мәндерді қолдану. Меншіктеу операторы. Сандық функциялар. Мәліметтерді енгізу—шығаруды ұйымдастыру. Сызықтық алгоритмдерді программалау. Шарт және таңдауды ұйымдастыруды программалау. Циклдық алгоритмдерді программалау. Графикалық режим. Экранның координаттық жазықтығы. Графикалық операторлар. Символдық мәліметтермен операциялар. Массив түсінігі және оның мәні. Элементтер типтері, өлшемі, индекстер. Массив түрлері. Көмекші программалар, процедуралар. Файлдармен жұмыс.</p>	<p>Марков алгоритмін; Pascal тілінің операторларын; алгоритмдік тіл мен Pascal программалау тілінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын; Іскерліктер: алгоритмдік тілде алгоритм жазу; Pascal программалау тілінде алгоритм жазу; Дағдылар: кез келген өмірлік жағдайда алгоритм құру; Pascal программалау тілдерінде есептер шығару.</p>	<p>БҚ 2,4,9 КҚ 3.1.2, 3.1.4- 3.1.6, 3.1.10</p>
<p>АП 12</p>	<p>Білім алушының таңдау пәні</p>		
		<p>Білімдер: информатиканың ғылымдағы ролін; ақпарат ұғымы мен ақпараттық үрдістер туралы; ЭЕМ-нің даму кезеңдері мен элементтік базалары туралы; ЭЕМ-нің арифметикалық, логикалық негіздерін;</p>	

АП 12.1

Информатика теориясы және оқыту әдістемесі.

Информатика теориясына кіріспе. Ақпараттық жүйелер. ЭЕМ-нің даму кезеңдері және жіктелуі. ЭЕМ-нің арифметикалық-логикалық негіздері. Дербес компьютердің аппараттық және программалық жабдықтары. MS Office пакеті. Информатика пәнін оқыту әдістемесі. Информатика пәнін программалық және әдістемелік қамту.

дербес компьютердің аппараттық және программалық жабдықтарын; MS Office пакетін пайдалану туралы; информатика пәнін оқыту әдістемесін; сабақтың түрлері мен құрылымын; электрондық қорлар, оларды пайдалану әдістемесін; информатика кабинетіне қойылатын талаптарды; Іскерліктер: ақпаратты өңдеу, сақтау, тасымалдау; ЭЕМ-нің даму кезеңдерін ажырату; ақпаратты кодтауды және кері кодтау; логикалық сызба және шындық кестесін құру; дербес компьютердің аппараттық құрылғыларымен жұмыс істеу; дербес компьютердің программалық жабдықтарымен жұмыс істеу; MS Office пакетіне енетін программалармен жұмыс істеу; оқушы мен мұғалімнің жұмыс орнын ұйымдастыру; информатика сабағын ұйымдастыру, талдау; информатикадан сыныптан тыс жұмыстар жүргізу; Дағдылар: дербес компьютердің аппараттық және программалық жабдықтарын орнату; информатика пәнінен күнтізбелік-тақырыптық жоспар, сабақ жоспарын құру;

		информатика сабағын ұйымдастыру және өткізу .	БҚ 3,5,10 КҚ 2,3,5,7
АП 12.2	<p>Математиканың теориялық негіздері және бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі.</p> <p>Арифметикалық материалдар және оны оқыту әдістемесі.</p> <p>Алгебралық материалдар және оны оқыту әдістемесі.</p> <p>Геометриялық материалдар және оны оқыту әдістемесі.</p> <p>Шаманы ұғымы және оны оқыту әдістемесі.</p> <p>Ықтималдық теориясы және стохастика элементтерін оқыту әдістемесі.</p> <p>Информатика материалдары және оны оқыту әдістемесі.</p>	<p>Білімдер:</p> <p>математиканың теориялық негіздерінің негізгі ұғымдарын;</p> <p>бастауыш класта математиканы оқытудың мақсат-міндеттері мен мазмұнын, басқа пәндермен байланысын;</p> <p>бастауыш сынып математикасының оқу-әдістемелік топтамасын;</p> <p>бастауыш сынып математика сабағының мақсат-міндеттерін, әдістерін, формалары мен құралдарын, түрлері мен типтерін;</p> <p>математикадан кластан тыс жұмыстардың мақсат - міндеттері мен түрлерін ;</p> <p>арифметикалық, алгебралық, геометриялық ұғымдарды оқыту әдістемесін;</p> <p>мәтінді есептермен жұмыс әдістемесін және есеппен жұмыстың кезеңдерін;</p> <p>шамалармен жұмыс әдістемесін;</p> <p>кездейсоқ шамаларға берілген есептермен жұмыс әдістемесін;</p> <p>информатика және стохастика элементтерін оқыту әдістемесін;</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>бастауыш класта математиканы оқыту әдістемесін қолдану;</p> <p>математикадан оқулықтар мен ОӘК мазмұнына талдау жасау;</p> <p>сабақ пен кластан тыс шараларды өткізу;</p> <p>көрнекі-демонстрациялық материалдар жасақтау;</p>	

		<p>тест, бақылау және өзіндік жұмыстар құрастыру;</p> <p>негізгі математикалық ұғымдарды оқытуда әдіс-тәсілдер мен құралдарды пайдалану;</p> <p>Дағдылар:</p> <p>сабақты, сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлау мен өткізу;</p> <p>білім стандарты мен оқу бағдарламасын талдау;</p> <p>оқу ақпаратын құрылымдау және алгоритмдеу;</p> <p>арифметикалық, алгебралық, геометриялық материалдар мен шама ұғымдарын оқыту, есепті шешу әдістемелерін меңгеру;</p> <p>сабақ өткізуде компьютер мүмкіндіктерін пайдалану.</p>	<p>БҚ 3,5,10</p> <p>КҚ 3.1.2, 3.1.3, 3.1.5, 3.1.7</p>
БҰАП 00	Білім беру ұйымы анықтайтын пәндер**		
ҚП 01	<p>Жобалау іс-әрекет негіздері.</p> <p>Жобалау әдісінің пәні, мазмұны, ерекшеліктері.</p> <p>Жобалау әдісіне қойылатын талаптар.</p> <p>Жобамен жұмыс жасау кезеңдері. Жобалау жұмысындағы мұғалім мен оқушының іс-әрекет жүйесі. Жобаны құрастыруда жұмысты жоспарлау.</p>	<p>Білімдер:</p> <p>жобалау әдістерін, жобалау әдістерінің тарихы туралы;</p> <p>оқу жобаларының жіктелуі туралы;</p> <p>жоба әдістерін пайдалануға, жоба жұмысын безендіруге қойылатын талаптарды;</p> <p>жобамен жұмыс кезеңдерін;</p> <p>жобамен жұмыс барысында мұғалім мен оқушының өзара әрекетін.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты жобамен жұмысты ұйымдастыру;</p> <p>оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;</p>	<p>БҚ 1,2,4,5,7,9</p>

		жобалық жұмыс барысы, мазмұны мен нәтижелерін талдау; жоба жұмысы нәтижелерін жүйелеу, талдау.	КҚ 3.1.1, 3.1.6, 3.1.7, 3.1.10
КП.00	Кәсіптік практика		
КП 01.	Оқу практикасы		
ПП 1.1	<p>Сыныптан тыс жұмыс технологиясы.</p> <p>Тәрбие жұмысы жоспарын жасақтау технологиясын зерттеу. Мұғалімнің оқушылардың ата-аналарымен бірлескен жұмысы мазмұнын, құрылымын, формасын зерттеу. Мұғалімнің тәрбие жұмысын зерттеуін ұйымдастыру, талдау сызбасын зерттеу. Оқушылардың тәртібі мен іс-әрекетін зерттеуді ұйымдастыру, бақылау хаттамасын жүргізуге үйрету. Сынып сағаттарының сценарийін жасақтау. Оқушылармен ұжымдық шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру және өткізу. Семинар өткізу. Сынып жетекшісі портфолиосын жинақтау. Жобаларды презентациялау.</p>	<p>Іскерліктер:</p> <p>мұғалімнің тәрбие жұмысының жоспарын құрылымдау және мазмұнын анықтау; мұғалімнің оқытудың дамытушылық және тәрбиелік қызметін жүзеге асыру тәсілдерін зерттеу; оқушыларды тәрбиелеу әдістерін, құралдарын және формаларын қолдану, тәрбиелік іс-шараларды дайындау және өткізу; оқушылар ұжымының даму деңгейін және мұғалімнің оны қалыптастыру үшін жүргізілетін тәрбие жұмысын зерттеу; мұғалімнің оқушылардың ақыл-ойын, адамгершілігін, эстетикалық талғамын және дене мәдениетін қалыптастыратын тәрбие жұмысының жүйесін анықтау; мұғалімнің ата-аналармен біріккен жұмысының мазмұны мен формаларымен танысу; мұғалімнің тәрбиелік қызметін бақылау, оны талдау; оқушылардың тәртібі мен іс-әрекетін бақылау, бақылау хаттамасын жүргізу, оны талдау;</p> <p>Дағдылар:</p>	

		<p>оқушылар тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін түрлі тәрбиелік іс-шаралар дайындау, жоспар-сценарий құру және өткізу;</p> <p>оқушылармен ұжымдық шығармашылық жұмыс ұйымдастыру және өткізу ;</p> <p>сынып жетекшісі, тәрбиешінің портфолиосын безендіру.</p>	<p>КҚ 3.1.1, 3.1.4 -3.1.8, 3.1.10-3.1.12</p>
КП 1.2	<p>Білім алушының таңдауы бойынша практика.</p> <p>Алған білімдерін қолдануға үйрету.</p> <p>Күнтізбелік-тақырыптық жоспар, сабақ жоспарымен танысу.</p> <p>Сабақ жоспарын жасақтау және рәсімдеу (стандартты және үлгі бойынша). АКТ қолданып, әртүрлі типтегі сабақ жоспарларын жасақтау.</p> <p>Ақпараттық, коммуникативтік, проблеманы шешу құзыреттіліктеріне бағытталған сабақтың мақсат-міндеттерін анықтау.</p> <p>Компьютерлік технология (интерактивтік тақта, проектор), көрнекі әдістемелік құралды пайдалану бойынша материал әзірлеу.</p> <p>Картоннан көрнекі материал, лабораториялық және практикалық тапсырмалар даярлау.</p> <p>Жобалар қорғау.</p> <p>Портфолио материалдарын жинақтау.</p>	<p>Іскерліктер:</p> <p>практика ұйымдастыратын пәндердің теориялық негіздері туралы білімдерін пайдалану;</p> <p>жинақталған материалдарды жүйелеу;</p> <p>дидактикалық зерттеулер жүргізу;</p> <p>Дағдылар: бақылау және өзін - өзі бақылау тәсілдерін меңгеру;</p> <p>пәндер бойынша зерттеу жұмыстарының әдістерін пайдалану;</p> <p>диагностика нәтижелерін пайдалану.</p>	<p>КҚ 3.1.1, 3.1.4 -3.1.7, 3.1.11, 3.1.12</p>
		<p>Іскерліктер:</p>	

КП 1.3	<p>Байқау практикасына дайындық. Мектептегі байқау сабақтарына қатынасу және талдау. Пән бойынша жоспар-конспект даярлау.</p> <p>Электрондық оқулықтарды пайдаланып "сабақ ішіндегі сабақты" ұйымдастыру, АКТ пайдаланып сабақ кезеңдерін көрсету.</p> <p>Байқау сабақтарына көрнекі құралдарды, дидактикалық ойындарды, таратпа материалдарды даярлау және жүйелеу.</p> <p>Болашақ мұғалім портфолиосын жинақтау. Әдістеме бөлімдері бойынша жобаларды презентациялау.</p>	<p>математика пәнін оқыту әдістемесінен алған білімдерін пайдалану; математика мұғалімдері, оқытушылары мен әдіскерлердің сабақтарына қатынасуы және схема бойынша талдау;</p> <p>математика пәні бойынша оқу ақпаратын іздеу тәсілдерін меңгеру; Интернет желісі қызметтері мен компьютер, интерактивтік тақта мүмкіндіктерін пайдалану;</p> <p>Дағдылар: байқау сабақтарының конспектісін құру және кесте бойынша өткізу; инновациялық технологияларды пайдалану; болашақ мұғалімнің портфолиосын безендіру.</p>	КҚ 3.1.1-3.1.12
КП 1.4	<p>Жазғы практикаға дайындық. Семинар өткізу. Жазғы сауықтыру лагері тәрбиешілерінің жұмыс жоспарымен және оны талдау әдістерімен таныстыруды ұйымдастыру.</p> <p>Іс-шаралар және ұжымдық шығармашылық жұмыстар жоспарын құрастыру.</p> <p>Лагерде қызығушылықтары бойынша балалардың бос уақытын ұйымдастыруға даярлау.</p> <p>Жазғы демалыс бойынша оқу ақпаратын іздеу тәсілдерін меңгеруге үйрету.</p> <p>Тәлімгер портфолиосын жинақтау. Жазғы</p>	<p>Іскерліктер: семинарға қатысу; жазғы сауықтыру лагерлеріндегі тәрбие жұмысы жоспарымен таныстыру, оны талдау; лагерде қызығушылықтарына қарай балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру; оқу ақпаратын іздеу тәсілдерін меңгеру;</p> <p>Дағдылар: ұжымдық шығармашылық жұмыстарының байқау сценарийлерін құру; компьютер және Интернет желісі қызметтерін пайдалану; тәлімгер портфолиосын безендіру.</p>	КҚ 3.1.1-3.1.12

	практика бойынша жобаны презентациялау.		
КП 1.5	<p>Интернетпен жұмыс. Оргтехникамен практикалық жұмысқа дайындық. Интернетпен жұмыс жасау алгоритмімен танысу. Іздеу серверлерімен, ақпарат іздеу және өңдеу әдістерін үйрену. Сайттарға шолу. Электрондық поштамен жұмыс. Қашықтықтан оқытуға, оқу теледидары материалдарын пайдалануға дайындық. Ғаламдық Интернет жүйесі арқылы ғылыми-педагогикалық ақпараттарды іздеу әдістемесі. Жобалар презентациясы.</p>	<p>Іскерліктер: компьютер, оргтехника мүмкіндіктерін пайдалануда білімдерін қолдану; өзбетімен Интернетке шығу, браузермен жұмыс жасау; антивирустық және архивтеу программаларын қолдану; іздеу серверлерінің ерекшеліктерін айыру; компьютермен жұмыста қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау; Дағдылар: оқу ақпаратын іздеу және өңдеу тәсілдерін меңгеру; компьютер мен Интернет желісі қызметтерін қолдану.</p>	КҚ 3.1.1, 3.1.4 -3.1.7, 3.1.9-3.1.12
КП 1.6	<p>Дипломалды практикасына дайындық (оқу орнында). Машықкер папкасын даярлау. Білім тексеруге дайындық. Мектепте өзбетімен жұмыстануға дайындық. Болашақ мұғалім портфолиосын қорғау. Жобалар презентациясы.</p>	<p>Іскерліктер: математиканы оқыту әдістемесін, технологиясын пайдалану; сабақтың мен сыныптан тыс шаралар конспект-жоспарларын құру; оқу ақпаратын іздеу тәсілдерін меңгеру; Дағдылар: компьютер, интерактивтік тақта және Интернет желісі қызметтерін қолдану тәсілдерін меңгеру; сабақта инновациялық технологияларды пайдалану; болашақ мұғалімнің портфолиосын безендіру.</p>	КҚ 3.1.1, 3.1.4 -3.1.7, 3.1.9-3.1.12
	<p>Дипломалды практикасына дайындық (мектепте). Дипломалды практикадан өтетін мектептің</p>	<p>Іскерліктер: дипломалды педагогикалық практиканың мәнін түсіну;</p>	

	<p>оқу-тәрбие үрдісімен танысу. Мектептің жоспарын, мұғалімнің, сынып жетекшісінің оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жоспарын зерттеу.</p> <p>Күнтізбелік-тақырыптық және сабақ жоспарларын жасақтау технологиясын зерттеу.</p> <p>Мұғалімнің, сынып жетекшісінің жұмысын, мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасын бақылау.</p> <p>Ұжымдағы оқушылардың қарым-қатынасын, жүріс-тұрысын, іс-әрекетін зерттеу.</p> <p>Оқушылардың жеке құжаттарымен танысу.</p>	<p>мұғалімнің педагогикалық қызметінің құрылымын зерттеу;</p> <p>мұғалімнің оқу- тәрбие жұмысын бақылау;</p> <p>оқушылардың жеке құжаттарының, сынып және ұзартылған күн тобы журналдарының мазмұны және құрылысымен танысу;</p> <p>Дағдылар:</p> <p>дипломалды педагогикалық практикадан өту кезінде өз қызметін дұрыс жоспарлау;</p> <p>бақылау күнделігін жүргізуі және практика кезіндегі жұмысын талдау.</p>	
КП 02	Педагогикалық практика		
КП 2.1	<p>Сыныптан тыс жұмыс технологиясы.</p> <p>Тәрбие жұмысы жоспарын жасақтау технологиясын пайдалану.</p> <p>Мұғалімнің оқушылардың ата-аналарымен бірлескен жұмысы мазмұнын, құрылымын, формасын зерттеу.</p> <p>Мұғалімнің тәрбие жұмысын зерттеуін</p>	<p>Іскерліктер:</p> <p>мұғалімнің тәрбие жұмысының жоспарын құрылымдау және мазмұнын анықтау;</p> <p>мұғалімнің оқытудың дамытушылық және тәрбиелік қызметін жүзеге асыру;</p> <p>оқушыларды тәрбиелеу әдістері, құралдары және формаларын, тәрбиелік іс-шараларды дайындау және өткізу әдістемесін пайдалану;</p> <p>оқушылар ұжымының даму деңгейін және мұғалімнің оны қалыптастыру үшін жүргізетін тәрбие жұмысын анықтау;</p> <p>мұғалімнің оқушылардың ақыл-ойын, адамгершілігін, эстетикалық талғамын және дене мәдениетін қалыптастыратын тәрбие жұмысының жүйесін зерттеу;</p>	

	<p>ұйымдастыру, талдау сызбасын зерттеу.</p> <p>Оқушылардың тәртібі мен іс-әрекетін зерттеуді ұйымдастыру және бақылау хаттамасын жүргізуге үйрету.</p> <p>Сыныптан тыс сағаттарды ұйымдастыру.</p> <p>Оқушылармен ұжымдық шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру және өткізу.</p> <p>Портфолионы толықтыру . Жобалар презентациясы .</p>	<p>мұғалімнің оқушылардың ата-аналарымен біріккен жұмысының мазмұны мен формаларымен танысу;</p> <p>мұғалімнің тәрбиелік қызметін бақылау, оны талдау;</p> <p>оқушылардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысын, іс-әрекетін бақылау, бақылау хаттамасын жүргізу, оны талдау;</p> <p>Дағдылар:</p> <p>оқушыларды жан- жақты қалыптастыру үшін түрлі тәрбиелік іс- шараларды дайындау, жоспар- сценарий құру және өткізу;</p> <p>оқушылармен ұжымдық шығармашылық жұмыс ұйымдастыру және өткізу ;</p> <p>сынып жетекшісі, тәрбиешінің портфолиосын толықтыру.</p>	<p>КҚ 3.1.1, 3.1.2, 3.1.4 - 3.1.8, 3.1.10-3.1.12</p>
<p>КП 2.2</p>	<p>Білім алушының таңдауы бойынша практика.</p> <p>Мектептің, сыныптың оқу-тәрбие үрдісімен, мұғалімдердің жұмысымен, сабақты өткізу әдіс-тәсілдерімен танысу. Мұғалімдер мен машықкерлердің сабақтарына қатысу және талдау. Теориялық, әдістемелік ақпарат көздерімен жұмыс істеу, дидактикалық материал, көрнекі құралдар мен компьютерлік технологияларды пайдалану, сабақ жоспары мен дидактикалық материалдарды жасақтау біліктері мен дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Іскерліктер:</p> <p>пәннің теориялық негіздері туралы білімдерін пайдалану;</p> <p>оқу-көрнекі құралдарды даярлау және пайдалану;</p> <p>күнтізбелік-тақырыптық және сабақ жоспарын жасақтау;</p> <p>сабақта инновациялық технологияларды пайдалану;</p> <p>сабақ өткізу;</p> <p>оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерді, формаларды таңдау;</p> <p>жинақталған материалды жүйелеу;</p> <p>Дағдылар:</p> <p>күтілетін нәтижеге сай сабақтың мақсат-міндеттерін анықтау;</p>	<p>КҚ 3.1.1 -3.1.12</p>

	<p>Болашақ мұғалім портфолиосын жаңарту. Жобаларды презентациялау.</p>	<p>бақылау және өзін-өзі бақылау тәсілдерін меңгеру; зерттеу әдістерін меңгеру; ; диагностика нәтижелерін пайдалану.</p>	
КП 2.3	<p>Байқау практикасы. Сыныптағы оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырумен, жекелеген мұғалімдердің жұмыстарымен таныстыру. Электрондық оқулықтар, АКТ пайдаланып пәндер бойынша сабақтың жоспар-конспектісін, сыныптан тыс сағаттарын құруда әдіс-тәсілдерді пайдалану, Балалардың танымдық іс-әрекетіне басшылық ету. Машықкердің байқау сабақтарына қатынасу және талдау. Байқау сабақтарына таратпа материалдарды, көрнекі құралдарды, дидактикалық ойындарды пайдалану. Болашақ мұғалім портфолиосын жаңарту. Әдістеме бөлімдері бойынша жобалар презентациясы.</p>	<p>Іскерліктер: пәндік және сыныптан тыс сабақтардың мақсаты мен міндеттерін, түрлері мен әдістерін анықтау; оқу-көрнекі құралдарын жасақтау және қолдану, оқушылардың зерттеушілік және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру; күнтізбелік-тақырыптық жоспар және сабақ жоспарларын құрастыру; сабақта инновациялық технологияларды пайдалану; математика пәні бойынша сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстарды өткізу. Дағдылар: оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабақты өткізудің тиімді формаларын, әдістері мен тәсілдерін таңдау; практика кезінде өз қызметін бақылау және талдау; - болашақ мұғалімнің портфолиосы мазмұнын жаңарту.</p>	КҚ 3.1.1 -3.1.12
	<p>Сауықтыру лагеріндегі жазғы практика. Жазғы сауықтыру лагері тәрбиешілерінің жұмыс жоспарымен және талдау әдістерімен танысу. Іс-шаралар және ұжымдық шығармашылық жұмыстар өткізу.</p>	<p>Іскерліктер: жазғы сауықтыру лагерлеріндегі тәрбие жұмысы жоспарымен таныстыру, оны талдау; л а г е р д е қызығушылықтарына қарай балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;</p>	

<p>КП 2.4</p>	<p>Лагерде қызығушылықтары бойынша балалардың бос уақытын ұйымдастыру. Спорт-сауықтыру жұмыстары. Жазғы демалыс бойынша оқу ақпаратын іздеу тәсілдерін меңгеру. Педагогикалық күнделікті жүргізу. Тәлімгер портфолиосын мазмұнын жаңарту. Жазғы практика бойынша жобалар презентациясы.</p>	<p>балалардың уақытша ұйымдарында өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру; оқу ақпаратын іздеу тәсілдерін меңгеру; Дағдылар: ұ ж ы м д ы қ шығармашылық жұмыстарын және іс-шараларын өткізу; компьютер және Интернет желісі қызметтерін пайдалану; күнделік жүргізу; тәлімгер портфолиосын безендіру.</p>	<p>КҚ 3.1.1 -3.1.12</p>
Нақты оқу орнын жабдықтау үшін оқу-өндірістік жабдықтар және техникалық оқыту құралдарының тізімі жұмыс оқу бағдарламаларын есепке ала отырып, кадрлар даярланатын серіктес кәсіпорынмен бірлесіп анықталады. Бұл ретте саланың даму келешектерін есепке алғанда, IT-технологиялар, 3D-технологиялар, АКТ, қашықтықтық, модульдік, дуалдық, кредиттік оқытуды ескеру қажет.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 22 қантардағы
№ 72 бұйрығына 354-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 15 маусымдағы
№ 384 бұйрығына 756-қосымша

**"0111000 – Негізгі орта білім беру" мамандығының
011104 3 - Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімі біліктілігі бойынша
техникалық және кәсіптік білім берудің үлгілік білім беретін
оқу бағдарламалары**

Пәндер циклдері және кәсіптік практика бойынша білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұны *(орта буын маманы)*.

Циклдің, пәннің индексі	Пәннің, практиканың атаулары және негізгі бөлімдері	Қалыптасатын білімдер, іскерліктер және дағдылар	Қалыптасатын құзыреттер коды
ӘЭП 00	Әлеуметтік-экономикалық пәндер		
		<p>Білімдер: -мәдениеттану ғылымының қалыптасу тарихы мен теориялық негізін меңгереді; - ойшылдардың мәдениеттанушылық тұғырнамаларын, мәдениет ұғымдарының даму логикасы мен тарихын, өркениет пен байланысын меңгереді; - дүниежүзілік мәдениеттің даму тарихын зерттеуді игереді; - Вавилон мәдениетінің қалыптасуы мен ерекшелігін, Ежелгі</p>	

Қытай өнері, Үнді мәдениетінің негізгі бағыттарын меңгереді;

- Месопотамия, Греция, Рим мәдениеті мен антикалық мәдениетінің негізгі кезеңдерімен танысады;
- Грек философиясы, Рим тарихнамасының қалыптасуы, Ұлы философтар: Фалес, Анаксимен, Гераклит, Сократ және т.б. еңбектерін меңгереді;
- Орта ғасырлық Шығыс елдерінің ұлы ғалымдарының, ақындарының дастандарын меңгереді;
- Ортағасырлық араб мәдениетін, исламды қабылдаушы елдердің рухани және материалдық мәдениеттеріндегі ерекшеліктерін игереді;
- қайта өрлеу дәуірі, ғұламаларының әлем мәдениетіне қосқан үлесін жаңа заман кезеңіндегі ғылым мен техниканың маңызын меңгереді;
- қайта өрлеу мәдениетінің кезеңдерін, мәдениеттегі рационализм, ағартушылық кезеңіндегі Еуропа мәдениетін, жаңа дәуір кезеңіндегі ғылым мен техниканың маңызы туралы мәліметтерді меңгереді;
- Ежелгі Русь мәдениетін, XVII- XVIII ғасырлардағы архитектура мен құрылыс өнерін, орыс ағартушыларының еңбектерін, ежелгі славяндардың дүниетанымын игереді;

- қазақ мәдениетінің түп негізін, Андронов мәдениеті, сақ өнері дамуын меңгереді;

- қазақ жеріндегі петроглифтер сырын, Беғазы-Дәндібай мәдениеті туралы, көне заманнан бастау алатын скиф, сақ, ғұн, үйсін тайпалар туралы түсінік алады;

- ежелгі түркі өркениетінің ерекшеліктерін игереді;

- түрік мәдениетіне араб парсы мәдениетінің ықпалын игереді;

- Орхон-Енисей ескерткіші, Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған ескерткіштері туралы, көне түркі өркениетіндегі Ертіс, Талас жазбалары туралы ілімдерді меңгереді;

-Әл-Фараби, Қорқыт ата, М.Қашғари, Ж.Баласағұн, А.Иассауи ұлы ғұламаларының әлем мәдениетіне қосқан үлесін сипаттауды игереді;

- "Мұсылман Ренессансы" дәуіріндегі жазба мәдениетінің дамуы, Әл-Фараби мұралары, Ортағасырлық кезеңіндегі тарихи ескерткіштер: "Қорқыт ата" кітабы, "Оғызнама", М.Қашғари, Ж.Баласағұн еңбектерімен танысады;

- көшпелі өркениеттің ерекшеліктерін анықтауды игереді;

- көшпелі дүние таным, дәстүрлі қазақ мәдениетінің табиғи-ғарыштық негіздері, әдет-ғұрыптары, әлемдік

Мәдениеттану.

Мәдениеттану теориясының жалпы мәселелері.
 Мәдениеттану жайлы ұғым.
 Дүниежүзілік мәдениеттің даму тарихы .
 Антикалық мәдениет.
 Орта ғасырлық араб-парсы мәдениеті.
 Еуропалық қайта өрлеу және жаңа заман кезеңіндегі мәдениет.
 Ресей мәдениеті.
 Отандық мәдениет.
 Ежелгі түркі өркениеті.
 Жазба және әдебиет.
 Қазақ мәдениетінің ортағасырлық кезеңі.
 Көшпелі өркениеттер құндылықтары.
 Дәстүрлі қазақ мәдениеті.
 Халық ауыз әдебиеті мен шешендік өнер.
 XIX ғасыр екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы Қазақстан мәдениеті.
 Қазіргі қазақ мәдениеті.
 Діни көзқарастардың шығу тарихы және қазақ халқының діни нанымдары.
 Конфуций-Дао ілімі.
 Будда мәдениеті.
 Христиан, ислам өркениеті.

өркениетке қосқан үлесі туралы түсініктерді меңгереді;
 - дәстүрлі қазақ мәдениетінің ерекшеліктерін ажыратуды үйренеді;
 - халық ауыз әдебиеті жанрындағы батырлар бейнесі, айтыс өнері, халық ауыз әдебиетіндегі лирикалық поэмалар: " Қозы Көрпеш-Баян Сұлу" , "Қыз-Жібек" және т.б. танысады;
 - XIX, XX ғасырлардың басындағы Қазақстан мәдениетін сипаттауды меңгереді;
 - XIX ғасырдың екінші жартыжылдығының ағартушылық бағыттың қалыптасуы Шокан Уалиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин мұраларының қазақ мәдениетіне қосқан үлесін, Шәкәрім мұраларын, Қазақ мәдениетінің жаңа кезеңін меңгереді;
 - Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениетінің даму тарихын зерттеуді меңгереді;
 - қазіргі қазақ мәдениетінің жетістіктерін меңгереді;
 - әлемдік өркениеттегі Қазақстан мәдениетінің алатын орны туралы меңгереді;
 - XX ғасырдағы мәдениеттің дамуындағы қайшылықтары мен ерекшеліктерін, қазақ мәдениетінің типтері, қазіргі өнер: сурет, кино, театр, бейнелеу және т.б. меңгереді;
 - діни көзқарастардың шығу тарихын зерттеуді игереді;

- қазақ халқының діни нанымдарымен танысады ;

- діннің және діни ұғымдардың пайда болуы мен оның тарихи түрлерін,

Ш.Уәлихановтың зерттеу еңбектеріндегі қазақтың діни нанымдары мен дүнитанымдарын меңгереді;

- Конфуций-Дао ілімдерінің, Қытай мәдениетінің дамуына қосқан үлесін меңгереді;

- Қытай этносының дүниетанымдық көзқарасы туралы, іліміндегі әлеуметтік-этика нормалар, әлеуметтік тәртіп моделін құруды меңгереді;

- Будда мәдениетінің таралу тарихын сипаттауды үйренеді;

-Үнді мәдениетіндегі діннің алатын орны туралы, ведалар негізінде қалыптасқан философиялық ілімдер: джайнизм, буддизм және т.б. туралы ұғымдарды меңгереді;

- христиан дінінің Еуропа өркениетіндегі орнын анықтауды меңгереді;

- христиан дінінің шығыуының әлеуметтік-мәдени алғышарттар, адамгершілік мәселесі, христиан дінінің ағымдары туралы түсініктерді меңгереді;

- ислам мәдениеттерінің шығу тарихы мен таралу жолдарын меңгереді.

Іскерліктер:

- мәдениеттану пәнінің ғылым ретіндегі мәнін ашады;

мәдениет типологиясы туралы қазіргі түсініктер туралы білімін кеңейеді;

- антикалық мәдениеттің қазіргі Еуропалық мәдениетіне тигізетін әсерін анықтай алады;
- ұлы философтардың еңбектерін ажыратады;
- Парсы мәдениетінің құндылықтарын, араб мәдениеті мен ислам мәдениетінің байланыстылығын ажыратады;
- Қайта өрлеу дәуірінің өнер туындыларын, Ренессанс өркениет пен мәдениет арасындағы қарым-қатынасын зерттей біледі;
- М.Ломоносов, А.Н.Радишев және т.б. орыс ағартушыларының еңбектеріне баға береді, шығармаларын талдайды;
- Ә.Х.Марғұлан, Қ.А.Ақышев, А.Максимовалардың еңбектерін талдайды;
- Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған жырларын талдай алады;
- ислам дүниетанымы бағытындағы жазылған еңбектерді ажырата алады;
- көшпелі өркениеттің ерекшелігі, көшпенділердің әлеуметтік тектік типтерін ажырата алады;
- дәстүрлі қазақ мәдениетінің ерекшеліктерін анықтайды;
- материалдық және рухани құндылықтарды ажырата алады;
- қазақ сазгерлерінің шығармаларын талдайды;

		<ul style="list-style-type: none"> - алғашқы қауымдық мәдениет ерекшеліктерін көрсете алады; - қазіргі Қазақстан мәдениетінің жетістіктерін, әлемдік өркениеттегі Қазақстан мәдениетінің алатын орны туралы көзқарасын білдіреді. 	
<p>ӘЭП 02</p>	<p>Философия негіздері. Қазіргі мәдени өмірдегі философияның алатын орны. Философия дамуының негізгі тарихи кезеңдері. Материя және оның өмір сүру тәсілдері мен формалары. Сана. Сананың пайда болуы мен дамуы. Даму. Дамудың философиялық теориясы. Диалектиканың негізгі заңдылықтары мен категориялары.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - философияның рөлі мен басқа ғылымдармен байланысын меңгереді; - философияның негізгі бағыттарын (материализм, идеализм және т.б.) меңгереді; - Ежелгі Қытай, Грек, Батыс және т.б. елдердегі философиялық мектептер мен бағыттар; - философтардың көзқарастарын, шығармаларын игереді; - болмыс пен материяның негізгі формаларын, тәсілдерін, түрлерін; ойшылдардың, ғалымдардың материя туралы пікірлерімен танысады; - диалектиканың тарихи формаларын, типтерін: стихиялық, идеалистік, материалистік, негізгі категорияларын: жекеше, өзгеше, жалпы себеп-салдарын меңгереді; - танымның түрлерін: ғылыми, ғылыми емес; сезімді және рационалды танымның диалектикасы, агностицизмнің түсінігі туралы мәліметтерді игереді; - социум болмысының негізгі сферасы: материалды, әлеуметтік, саяси, рухани түрлерін, қоғамдық сананың құрылымын: 	<p>БҚ 1-3</p>

	<p>Таным теориясы. Философиядағы адам проблемасы. Қазіргі философияның өзекті мәселелері.</p>	<p>гносеологиялық, социологиялық меңгереді .</p> <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - дүниеге көзқарастарын қалыптастыруға дағдыланады; - философияның негізгі бағыттарын ажыратады; - философияның тарихи типтерін (Қытай, Индия, Греция және т.б.) философиялық мектептер мен бағыттарды ажырата алады; - философтармен жете танысады (Сократ, Платон, Аристотель, Аль-Фараби, Дж.Бруно және т.б.); - болмыс ұғымының негізгі түрлерін, материяның құрылысының мәнін ашады; негізгі заңдарын: сан мен мөлшерлік ауысу , қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресін, айырмашылықтарын ажырата алады; 	
		<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - саясаттанудың қоғамда алатын орнын меңгереді; - саясаттанудың әдіс-тәсілдері мен оның категорияларын, қызметтерін меңгереді, басқа қоғамдық ғылымдармен байланысын анықтауды игереді; - Ежелгі, Орта ғасырдағы , қазіргі замандағы саяси ойлар туралы түсінік алуды игереді; -саясат объектісі мен субъектісін және атқаратын қызметтерін анықтауды меңгереді; -саясатты философиялық, этикалық тұрғыдан түсінуді меңгереді; 	

Саясаттану және әлеуметтану негіздері.

Саясаттану пәні, оның міндеттері мен әдістері.
 Саясаттанудың ғылым ретінде пайда болуы, даму және ерекшеліктері.
 Саяси жүйе.
 Билік теориясы мен биліктік байланыстар, саяси өкілеттілік.
 Мемлекет.
 Саяси институттар.
 Адам және саясат.
 Халықаралық қатынастар.
 Әлеуметтану ғылымының қалыптасуы мен дамуы.

-биліктің пайда болуын, негізгі белгілерін, биліктің субъектісі мен объектісі, легитимділігі туралы ұғымдарды меңгереді;
 -мемлекеттің типологиялық түрлерін ажыратуды игереді;
 - мемлекеттің басқару түрлерін: монархия, республика; құрылымын: унитарлы, федерация, конфедерация меңгереді;
 -Қазақстандағы қоғамдық қозғалыстары мен саяси партияларының қоғам өміріндегі атқарып жатқан іс-әрекеттерін бағалауды игереді;
 - саяси институттардың элементтері мен түрлерін меңгереді;
 -тұлғаның саяси әлеуметтенуі және оның мағынасы, саяси мәдениеттің типтерін меңгереді;
 -Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының бағытын дайындаудағы проблемаларын түсіндіруді меңгереді;
 - әлеуметтану ғылымының міндеттері мен қызметін түсіндіруді игереді.
 Іскерліктер:
 - саясаттануға ғылым ретінде толық анықтама береді;
 - саясаттанудың қоғамтану ғылымында алатын орны туралы, әдіс-тәсілдер мен категорияларын ажыратады;
 - ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі саяси ой тарихы кезеңдерін сипаттайды;

- саясат ұғымы туралы терминді түсінеді;
- саясат туралы ой-пікірлердің жиынтығын сипаттайды;
- қазақ жерінде қоғамдық және саяси ойлардың шығуын сипаттайды;
- билік үлгілерінің эволюциялық тарихы (индивидуалдық, институтталған) туралы түсінікке сипаттама бере алады;
- саяси режимдердің (тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық) мәнін ашады;
- мемлекеттің пайда болуы, белгілері мен қызметтерін, себептерін ашады;
- Қазақстандағы қоғамдық қозғалыстары мен саяси партияларының қоғам өміріндегі атқарып жатқан іс-әрекеттерін бағалайды;
- Қазақстан Республикасындағы саяси әлеуметтанудың ерекшеліктерін көрсетеді;
- адам саясаттың субъектісі мен объектісі, саяси жүйесіндегі адамның құқығы мен бостандығы туралы түсініктерге сипаттама береді;
- Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының бағытын дайындаудағы проблемаларына түсінік береді;
- әлеуметтану ғылымының міндеттері мен қызметтерін ажыратады.

Білімдер:

- экономика және оның қоғамдағы рөлін меңгереді;
- микроэкономика және макроэкономика, экономикалық теориялар туралы: меркантилизм, физиократизм, классикалық саяси экономия, Кейнсиандық және т.б. меңгереді;
- нарықтың мәні және оның негізгі түрлерін ажыратуды үйренеді;
- меншіктің түрлерін, жекешелендірудің тәсілдері мен түрлерін меңгереді;
- жекешелендіру мен ұлттандыру арасындағы айырмашылығын сипаттауды игереді;
- экономикадағы шектеулі ресурстар ұғымын сипаттауды меңгереді;
- ұсыныс пен сұраныстардың факторларын меңгереді;
- жалпы ішкі өнім мен ұлттық өнімінің айырмашылығын ажыратуды үйренеді;
- қазіргі кезеңдегі нарықтық экономикаға тән бәсекелестікті игереді ;
- ақшаның пайда болуы және оның атқаратын қызметін меңгереді;
- ақша жүйесінің элементтерін, инфляцияның түрлерін, инфляцияға қарсы саясат: Кейнсиан үлгі туралы мәліметтерді меңгереді;
- банктік бизнестің мәнін ашуды игереді;
- банктердің қызметтері, негізгі операциялары: коммерциялық, депозиттік, инвестициялық,

Экономика негіздері.

ӘЭП 04

Экономиканың теорияға кіріспе.
Бизнеспен танысу.
Әлемдік экономика.
Әлемдік нарық.
Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы рөлі.
Экономиканың актуалды мәселелері.

жинақтық және т.б. туралы ұғымдарды ажыратуды игереді;
- биржаның мәні мен түрлерін ажыратуды меңгереді;
- экономикалық өсудің мәнін меңгереді;
- нарықтағы салық жүйесі меңгереді;
- жұмыссыздық және жұмыспен қамту түрлерін ажыратады.
Іскерліктер:
- өндіріс факторларын анықтайды;
- экономикалық жүйенің негізгі типтерін сипаттайды;
- экономикалық теорияларға: меркантилизм, физиократизм, классикалық саяси экономия және т.б. талдайды;
- ұсыныс пен сұраныс заңдылығының мәнін ашады;
- нарықтағы тепе-теңдік бағытты сипаттайды;
- меншіктің түрлерін жекешелендірудің тәсілдері мен түрлерін аша алады;
- бәсекелестіктің пайдасын түсіндіреді;
- маркетинг құрылымын түсіндіреді;
- инфляциялық басты себептері мен салдарын ашады;
- инфляцияның түрлерін ажыратады;
- биржаның қалыптасу себебін және қазіргі экономикадағы мәнін ашады;
- экономикалық өсудің негізгі факторларының деңгейлері мен түрлерін сипаттайды;

БҚ 2,3, 9,11,12, 14

	<ul style="list-style-type: none"> - аукымды адам мәселесін шешу шеңберінде негізгі халықаралық қарым-қатынастар бағытын түсіндіреді; - нарықтық әлеуметтік-экономикалық теорияның мәнін талдайды. 	
	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мемлекет пен құқықтың қалыптасуына әсер еткен қоғамдық тарихи жағдайларды меңгереді; - мемлекеттің әлеуметтік тағайындауларын игереді ; - актілер ұғымы және түрлерін игереді, құқық туралы негізгі түсініктерді меңгереді; - ҚР Конституциясын, ҚР Заңдарын меңгереді; - әкімшілік құқық нормасының белгілерін, әкімшілік қатынастар ұғымы мен түрлерін меңгереді; - әкімшілік құқық түсінігін және әкімшілік жазалардың түрлерімен танысады; - мемлекет пен құқықтың дамуын меңгереді; - мемлекеттік қызмет ұғымын және қағидаларын меңгереді; - еңбек құқығы, оның ерекшелігін анықтауды үйренеді; - еңбек құқығының қағидаларын, еңбек шартын тоқтатудың және бұзудың негіздерін меңгереді; - жеке еңбек шарттарды құру, түйіндеме, еңбекті қорғау, еңбек дауларын шешу жолдарын игереді; - салықтың құқық негіздерін және түрлерінің 	

П 05

Құқық негіздері.

Құқық негіздері, оның белгілері.

Мемлекет және құқық теориясы.

Нормативтік құқықтық.

Конституциялық құқық негіздері.

Әкімшілік құқық.

Азаматтық құқық негіздері.

Еңбек құқығы.

Салық құқығы.

Қылмыстық құқық.

Отбасылық құқық.

Қазақстан халықаралық құқық субъектісі ретінде.

ерекшеліктерін анықтауды игереді;
- салықтың түрлерін (корпорациялық, жеке табыс салықтары, қосылған күн салығы, акциздер) меңгереді;
- салықтың функцияларын игереді;
- қылмыстық құқықтық ұғымы, негізгі принциптерін ажыратуды игереді;
- қылмыстық жазалардың жүйесі мен түрлерін анықтауды үйренеді;
- некелік-отбасылық құқықтар мен міндеттер туралы, некеге отыру шарттарын, ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттерін меңгереді;
- отбасы құқығы ұғымы, негіздері және қағидаларын игереді;
- неке құрудың тәртібі мен шарттарын меңгереді;
- ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеу нысандарымен танысады;
- мемлекеттің сыртқы саясатын игереді;
- келісім шартты ратификациялау түсінігін меңгереді;
Іскерліктер:
- мемлекет пен құқықтың негізгі түсініктері мен категорияларын сипаттайды;
- заңдылықты және заңға қарасты актілердің ара-қатынасын ашады;
- мемлекеттің негізгі заңын, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу сезімін қалыптастырады;
- азаматтардың құқықтары мен

БҚ 1-3,12,14,15

	<p>бостандықтарын пайдаланады;</p> <ul style="list-style-type: none"> - қылмыс заңына, қылмыс құрамына анықтама бере алады; - нормативтік-құқықтық актілерді қолданады; - құқықтық тәрбиелеу әдістерін таңдайды және дұрыс қолданады; - құқықтық құжаттар мазмұнын талдайды; - еңбек келісім шарты, ұжымдық шарт, еңбек акы, еңбек тәртібін түсіндіреді; - Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күрес жолдарын талдайды; - ерлі-зайыптардың құқықтары мен міндеттері, ата-аналар мен балалардың арасындағы құқықтық қатынастарды түндіреді. 	
	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - стилистика туралы түсінігі, стильдің мәні мен міндетін, стиль түрлерін; - іскерлік және ғылыми стильдердің ауызекі және жазбаша нысандарының ерекшеліктерін айқындауды меңгереді; - ауызша және жазбаша сөйлеуде тіл мәдениетін сақтауды игереді; - мәдениетті сөйлеудің негізгі әдеби нормасын (фонетикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық норманы) меңгереді; - тіл дыбыстарының жүйеленуін, жасалу орнына, айтылуына, дауыс қатынасына қарай бөлінуін игереді; 	

ЖГПІ 01

Кәсіптік орыс тілі.

Стилистика.

Сөйлеу мәдениеті.

Фонетика.

Лексикология.

Қазіргі қазақ тілі лексикасының тарихи құрылымы.

Морфология. Синтаксис.

Кәсіптік терминология.

Аударма техникасы.

- сөз және оның негізгі белгілерін ажыратуды меңгереді;
- сөздің лексикалық, грамматикалық, мағыналарын, тура мағыналы сөз және ауыспалы мағына, антоним, синоним, омоним түрлерін айқындауды үйренеді;
- тұрақты сөз тіркестерінің мәтінде қолдануды меңгереді;
- сөздік қор, сөздік құрам, оның белгілері мен тілдің баю жолдарын меңгереді;
- сөз таптарының жазылу емлесін, сөйлеуде қолданылуын игереді;
- сөз тіркесінің түрлерін ажыратады;
- жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін айқындауды меңгереді;
- сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерінің жасалу жолдарын игереді ;
- құрмалас сөйлемнің жасалуын, тыныс белгісін, сөйлемде қолданылуын меңгереді;
- кәсіби сөздердің бөлінуін игереді;
- түрлі кәсіпке байланысты айтылған сөздерді жүйелеуді игереді;
- кәсіптік лексиканы к а с і б и қарым-қатынастағы коммуникацияның нормалары мен ережелерін меңгереді;
- ғ ы л ы м и терминологияны, сөздіктерді қолданып, мемлекеттік тілдегі кәсіптік бағыттағы мәтінді оқу және аудару үшін қажетті лексикалық

БК 1-3,6,7,9,10, 12,14,16

	<p>және грамматикалық минимумдарды пайдалануды үйренеді.</p> <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - іскерлік қағаздарын құрастырады; - қазіргі заманғы технологияны пайдалану арқылы іскерлік құжаттарды рәсімдейді; - іскерлік сөйлесудің стилін сақтайды; - түрлі жанрда жазбаша мәтін құрастырады; - өзін-өзі бақылайды; - грамматикалық және сөйлеу қателерін түзетеді ; - кәсіби бағыттағы мәтіндерді аударады; - іс-қағаздарды, құжаттарды ажыратады. 	
	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тәжірибелік фонетиканы, сөздердің дыбысталуын және дыбыстар артикуляциясын меңгереді; - тәжірибелік грамматиканы сөз табы, зат есімнің көптік жалғауын және жұрнақтарды, тәуелдік жалғауын игереді; - белгілі және белгісіз артикльдерді меңгереді; - to be, to have етістіктерін, көмекші етістіктерінің жасалу жолдарын игереді; - есімдіктер: жіктеу, өзіндік, белгісіз және сілтеу есімдіктерді меңгереді; - етістіктердің шақтық формаларын игереді; - өткен шақтың дұрыс және бұрыс етістіктерінің формаларын үйренеді; - етістік формаларын: Gerund, Participle I, II 	

Кәсіптік шетел тілі.

Кәсіби шетел тілінің лексикалық және грамматикалық материалдары.

Кәсіптік лексика, фразеологиялық және грамматикалық құрылыстар.

Шетел тілінің фонетикалық курсы.

Морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктері.

Етістік формалары: инфинитив, герундий, есімше.

Модальдік етістіктер, "there is / there are" құрылысының осы және өткен шағы.

Келер шақ, оның мезгіл үстеулері.

Созылмалы осы, өткен, келер шақ және олардың есімшелері.

Перфектті шақтар.

Сын есім және үстеудің салыстырмалы мен күшейтпелі шырай формалары.

Ашық және бұйрық рай етістіктерінің формалары, балама, жалпы, арнайы және альтернативті сұрақтар.

Сұрақ түрлері.

Төл және төлеу сөз.

етістіктің түрлерін меңгереді;

- модальдік етістіктерді ажыратады;

- "There is / there are" құрылысының осы және өткен шақтардағы формаларын игереді;

- келер шақ, оның мезгіл үстеулерін меңгереді;

- созылмалы осы, өткен, келер шақ және олардың есімшелерін үйренеді;

- перфектті шақтарының жасалу жолдарын меңгереді;

- сын есімнің салыстырмалы және күшейтпелі шырайларын үйренеді;

- үстеу, оның түрлері және шырайларын меңгереді;

- ашық және бұйрық райда көмекші етістіктерін игереді;

- сұрақ түрлерін: арнайы, жалпы және альтернативті сұрақтардың жасалу жолдарын үйренеді;

- ырықсыз етістік, төл және төлеу сөздерді меңгереді.

Іскерліктер:

- грамматикалық материалдарды пайдалана алады;

- сөйлемдерді сауатты құрастыра алады;

- көмекші етістіктерді осы және өткен шақта қолдана алады;

- етістіктердің шақтық формаларын дұрыс қолданады;

- мәтіндерді аударады;

- грамматикалық және лексикалық

тақырыптарға сүйене отырып, диалог

құрастырады және оның мәтінін жасай біледі;

	<p>Ырықты және ырықсыз етістіктер.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - етістік формаларын жұрнақ жалғау арқылы жасай біледі; - модальдік етістіктерін сөйлемде қолданады; - грамматикалық құрылыстардың осы және өткен шағын, болымсыз және сұраулы сөйлемдерін жасай алады ; - келер шақты "to be" етістігінің өзгеруін, мезгіл пысықтауыштарды қолданады; - іскерлік әңгіме құрастыра алады; - әңгіме мазмұнын диалог түрінде қолданады; - перфекті осы, өткен шақтардағы етістіктерді, м е з г і л пысықтауыштарын, сөйлемнің болымсыз және сұраулы формаларын жасайды; - сын есім және сын есіммен үстеудің шырайларының жасалуын және пайдалануын қолданады; - жалпы, арнайы, балама және альтернативті сұрақтарын құрастырып, қолданады; - төлеу сөздегі жай, сұраулы және бұйрықты сөйлемдердің жасалу жолдарын қолданады; - төл сөздегі етістіктің формасын төлеу сөзге өзгерте алады; - грамматика және лексикаға сүйене отырып , диалог және эссе құрастырады; - мәтінді аударып, сұрақ құрастырып және мазмұндай алады. 	
ЖГПІ 03	Қазақстан тарихы.		
		<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әлемнің тұтастығын, адам, қоғам және 	

ЖГП 04

Өзін-өзі тану.

Адам өмірінің жарасымы.
Өркениетке барар жолда.
Өмірде өз орным бар.
Адами құндылықтар аясында.

табиғаттың өзара тәуелділігін түсінуді игереді;
- адам құндылықтарын, оның өмірі мен қадір-қасиетін, құқықтары мен еркіндігін түсініп, жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтауды меңгереді;
- шын мәніндегі азамат екенін сезінеді, өз Отаны - Қазақстан Республикасы екені түсінеді;
- қоғамдағы өз рөлі мен орнын түсіне біліп, шығармашылық жағынан өзін мейлінше толық көрсетуді игереді;
- тарихты, Отандық және әлемдік мәдени мұраны бағалауды үйренеді;
- әлемді және өзін-өзі тануда жасампаздық белсенділік танытуды үйренеді;
- өмірлік және кәсіби жағдайларда адамгершілік критерийлерін басшылыққа алып, игереді;
- адамдармен қарым-қатынаста позитивті бола отырып, басқа көзқарастағы және таным-сенімдегі адамдарға толерантты болып, төзімділік танытуды игереді;
- адам өміріндегі отбасының құндылығын, мәні мен маңызын түсінеді;
- табиғатқа, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды түсінеді;
- салауатты өмір салтын ұстанып, өзінің физикалық және эмоционалды-рухани

БК 1,2,3,5,7, 12, 13,14

жағдайын қалыпта
ұстауды меңгереді.

Іскерліктер:

- адами құндылықтарды,
оның өмірі мен
қадір-қасиетін,
құқықтары мен еркіндігін
құрметтейді, жалпы
адамзаттық
құндылықтарды
сақтайды;

- адамдармен
қарым-қатынаста өз
көзқарасын дәйектей
отырып, жүйелі ауызша
және жазбаша жеткізеді;

- тақырып бойынша
ғұламалардың,
ойшылдардың ұлағатты
сөздерін талдап, ой
қорытындыларын
шығарып, түйіндейді;

- өз бетінше қосымша
әдебиеттермен жұмыс
істейді;

-тарихты, отандық және
әлемдік мәдени
мұраларды сақтайды;

- адам өміріндегі
отбасының құндылығын,
мәні мен маңызын
түсініп, салауатты өмір
салтын ұстанады;

- алған теориялық
білімдерін өмірмен
ұштастыра алады.

Білімдер:

- қауіпсіздік техникасы
ережелерін қолдануды
игереді;

- спорт түрлері бойынша
ережелерді ажыратуды
меңгереді;

- жеңіл атлетика: ұзақ,
қысқа қашықтыққа
жүгіру, эстафеталық
жүгіру, граната
лақтыруды, ұзындыққа,
биіктікке секіруді игереді
;

- баскетбол: допты алып
жүгіру, оны алу, беру,
допты шеңберге тастау,

шабуыл техникасы,
зоналық, қорғану
техникасын меңгереді;
- волейбол: допты ойынға
қосу, оны қабылдау,
қорғану әдістері, жеке,
топтасып блок қою
әдістерін игереді;
- гимнастика: қатардағы,
саптағы акробатикалық,
тіректен секіру
жаттығуларын
орындауды меңгереді;
- қазақтың ұлттық
ойындары және
қимыл-қозғалыс
ойындарын
ұйымдастыруды үйренеді

Іскерліктер:

- жүгіру: жалпы
төзімділікті дамытуға
бағытталған жүгіру
дайындығының деңгейін
арттыруға арналған
жалпы дамыту және
арнайы дене
жаттығулары, ұзақ
уақытқа жүгіреді (2000-
3000 м);
- эстафеталық жүгіру;
арнайы дене
жаттығулары, ауыспалы
жүгіру 4x100 м,
қашықтыққа бірден
орташа және барынша
жылдамдықпен (төменгі
сөреге дейін) жүгіреді;
- граната лақтыру:
лақтыру техникасының
элементтерін, жүгіру
қадамдарын біртіндеп
жеделдете адымдау,
арнайы еліктеу
жаттығуларын, снаряды
бар қолды сермеп,
жылдамдатусыз жүгіреді,
жүгіре-айқастыру
қадамын орындайды,
техника мен нәтижелерді
ескере отырып,
лақтырады;
- ұзындыққа секіру:
орнынан ұзындыққа

ЖГП 05

Дене тәрбиесі.

Теориялық мәліметтер.

Жеңіл атлетика.

Баскетбол.

Волейбол. Гимнастика.

Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары.

секіру техникасын, қол сермеу және табандарын айналдыру, серпілу, ұшу, тізелерді кеудеге таман көтеруін, жерге түсуге дайындайды;

- қысқа қашықтыққа жүгіру: арнайы дене жаттығулары, қысқа қашықтыққа еркін жүгіруден кейін жүгіру жылдамдығын ұлғайтады, мәре белгісінен барынша жылдамдықпен жүгіріп өтеді, уақытты ескере отырып, төменгі сөреден барынша жылдамдықпен 100 м жүгіреді;

- баскетбол: допты алып жүгіру, допты бір орнынан және қозғалыс барысында оң және сол қолмен жүргізеді;

- допты алу-беру: допты бір орнынан және қозғалыс барысында береді;

- допты шеңберге тастау: допты бір орнынан, жақын және орта қашықтықтан, кеудеден екі қолмен лақтырады, екі қолмен кеудеден айыптық доп лақтырады;

- шабуыл техникасы: шабуылдағы ойын техникасы, кідірістер, бұрылулар, өрнекті ойындар алға қарай қозғалуды орындайды;

- зоналық қорғану: орын ауыстыру, қорғаныс тұрысы, артымен алға қарай қозғауды жасайды;

- қорғану техникасы: орын ауыстырулар, қорғаныс тұрысы, жай және адымдап алға, капталға, артқа қарай қозғалуды орындайды;

- волейбол: допты ойынға қосу, беру, төмендете түзу беру, жоғарыдан

БК 1,4,5,9 12,13

жоспарлы беру, бүйірмен төмендете беруді орындайды;

- допты қабылдау әдістері; қабырғаның жанында қабылдау, допты білектен беру және пас беру, берілген допты артқы сызықта қабылдауды орындайды;

- қорғану әдістері: "Алға бұрыштау", "Артқа бұрыштау" қорғанысы, қорғаныстағы командалық тактикалық әрекеттерді жасайды;

- жеке, топтасып блок қою әдістері: шабуылдаушы сокқыға жалаң тосқауыл қою, төзімділікке тосқауыл қою, бір орында және орын ауыстырғаннан кейін тосқауыл қоюды орындайды;

- гимнастика: қатардағы және саптағы жаттығулар, бұрын үйренген саптық тәсілдерді қайталау және бекіту, қозғалу түрлері, тізені жоғары көтере, аяқтық ұшымен жүгіру, тізесін бүгіп алға ұмтыла, аяқтарын айқастырып және ауыстыра отырып, алға және қапталға қарай қозғалу әдістерін қолданады;

- акробатикалық жаттығулар: топтасу, отырып, жатып, тізе бүгіп, аунау, топтасуда - тізе бүккен күйде артқа және кері аунау, артқа аунап, жауырынға тұру, тізелеп отырған күйден алға қарай аунау, домалау, алға-тізе бүккен күйден, аяқтарын алшақ қойып, қадам жасап, алға қарай ұзақ домалауды орындайды;

- тіректен секіру жаттығулары: жай

	<p>секірулер, танбалау бойынша, ұзындыққа, биіктікке секіру, таянып секіру, ағаш ат аяқтарының арасын ашып секіру, аяқтарын бүгіп секіру, ағаш ат снарядтарының ені арқылы жанымен секіру әдістерін пайдаланады;</p> <p>- қазақтың ұлттық және қимыл-қозғалыс ойындарын: "Аударыспақ", "Асық", "Хан талапай", "Тымақ ұру" және т.б. қолданады.</p>	
ЖКП 00	Жалпы кәсіптік пәндер	
	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - психология пәнінің мазмұнын, міндеттерін, оқыту әдістерін игереді; - психологияның маңызын түсінуді игереді ; - психологияның салаларын меңгереді; - психология ғылымының басқа ғылымдармен байланысын жасауды меңгереді; - психология ғылымының әдіснамалық негізін анықтауды үйренеді; - жеке тұлғаның дамуының, психологиялық ерекшеліктерін анықтауды үйренеді; - психиканың пайда болуы және дамуы туралы жалпы ұғымы қалыптасуын меңгереді; - адам санасының дамуымен танысуды игереді; - жеке адам туралы жалпы түсінігін, қызығуларын ажыратуды меңгереді; - темпераменттің психологиялық сипаттамасын анықтауды игереді; 	

ЖКП 01

Психология.

Психология пәніне кіріспе.

Психология пәні, әдістері мен маңызы.

Психологияның даму тарихы.

Психология ғылымының пәнаралық байланысы.

Психологиялық тест.

Диагностикалық әдістер.

Бала дамуының психологиялық өзгешеліктері.

Жеке адамның психологиялық өзгешеліктері.

Жеке адам және оның бағыты.

Темперамент. Мінез. Қабілет.

Жеке адамның тану процестері.

Түйсіктер. Қабылдау.

Ес. Ойлау. Сөйлеу. Қиял.

Жеке адамның эмоциясы, ерік процестері.

Эмоциялар мен сезімдер.

Ерік. Зейін, әрекет, дағды . Тәрбие психологиясы.

Ұстаз психологиясы.

- мінез туралы жалпы ұғымы қалыптасуын меңгереді;

- қабілет туралы жалпы ұғымын сипаттауды үйренеді;

- қабілет саласындағы дара айырмашылықтарын ажыратуды меңгереді;

- таным процестерінің ерекшеліктерін түсінуді игереді;

- жеке адамның жас және дербес ерекшеліктерін ажыратуды меңгереді;

- қабілетті анықтауды және тәрбиелеуді үйренеді;

- байқау және байқағыштықты анықтауды игереді;

- ес туралы ұғымды қалыптасуын игереді;

- естің түрлерін ажыратуға үйренеді;

- ес және оның ерекшеліктерін анықтауды меңгереді;

- ойлау, ойлау формаларын меңгереді;

- ой операцияларын, сөйлеу, сөйлеу түрлерін анықтауды үйренеді;

- қиял, қиял түрлерін меңгеруді игереді;

- қиялдың жасалу жолдарын игереді;

- эмоциялар мен сезімдер туралы ұғымдарын меңгереді;

- ерік, ерік сапаларын меңгереді;

- зейін, зейін түрлерін ажыратуды үйренеді;

- оқу, ойын, еңбек әрекетін меңгереді;

- білім алушылардың психологиясының қалыптастырудағы мұғалімнің рөлі.

Іскерліктер:

- психология пәні бойынша оқу

БК 1-5,7, 9,10 12-15

КҚ 3.4.3

3.4.4

3.4.5

	<p>әдебиеттерімен өз бетінше жұмыс жүргізе алады;</p> <ul style="list-style-type: none"> - баланың психикалық ерекшеліктеріне талдау жасайды; - жеке тұлғаның психологиялық қасиеттерін тануды және зерттеуде мидың рефлекторлық іс-әрекетін талдай алады; - балалардың таным процестерінің ерекшеліктерін анықтайды; - балалардың психикалық және анатомиялық, физиологиялық ерекшеліктерін тани алады; - оқу үдерісінде білім алушылардың жеке тұлғасының ерекшеліктерін ескереді; - зерттеу әдістерін қолдану, болашақ мұғалімнің кәсіби-мағыналы сапаларын, педагогикалық қабілеттерін дамыту жолдарын қолданады. 	<p>3.4.12 3.4.16</p>
	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - педагогика пәнінің негізгі ұғымдарын, оқыту әдістерін меңгереді; - педагогика пәнінің мақсаты мен міндеттерін айқындауды игереді; - педагогика ғылымдарының құрылымы, оның басқа ғылымдармен байланысын ажыратуды меңгереді; - тұлғаның даму кезеңдерін, тұлғаның жалпы даму заңдылықтарын, балалардың жас және дербес ерекшеліктерін меңгереді; 	

- ынтымақтастық педагогика жайлы ұғымы қалыптасуын меңгереді;

- Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің дамуының даму перспективасын игереді;

- педагогикалық үдерісте мұғалімнің рөлі мен міндеттерін анықтауды үйренеді;

- тәрбиенің мақсаты мен міндеттерін айқындайды; оның түрлерін, оқыту әдістемесін игереді;

- тәрбие әдістерін, тәрбие принциптерін, ұжым, оның білім алушы тұлғасына әсерін, өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу жолдарын меңгереді;

- ғылыми дүниетанымды қалыптастыру кезеңін ажыратады;

- жалпы адамдық мораль туралы құлық тәрбиесінің міндеттері мен мазмұнын, білім алушылардың ақыл-ой, еңбек, экономикалық, экологиялық, эстетикалық, дене тәрбиесінің, құқықтық тәрбие мақсат-міндеттерін, түрлерін, ұйымдастыру формаларын меңгереді;

- мектеп, отбасы және қоғамдық мекемелердің ынтымақтастығын қалыптастыруды игереді;

- дидактиканың жалпы мәселелерін айқындауды үйренеді;

- оқыту үдерісінің заңдылықтары мен принциптерін игереді;

- тұтас педагогикалық процесс оқыту, білім және тәрбие бірлігінің негізін меңгереді;

ЖКП 02

Педагогика.

Педагогиканың

әдістемелік негіздері.

Тәрбие теориясы және әдістемесі.

Дидактика, оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері.

Мектептегі білім жүйесі.

Мектеп жұмысын басқару.

Курстық жұмыстардың орындалу тәртібі мен ерекшеліктері.

- мектептегі білім жүйесімен танысады;
 - оқытудың формаларын, әдіс-тәсілдерін, сабақтың типтері мен түрлерін, олардың оқыту құралдарын, мұғалімнің сабаққа дайындалуын, тақырыптық және сабақ жоспарын, білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің нәтижесін бақылау, бағалау және есепке алуды, мектеп жұмысын басқару процесін меңгереді;
 - халыққа білім беру ісінің мәні, міндеттері және принциптерін айқындауды игереді;
 - педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру жолдарын игереді;
 - мұғалімдердің педагогикалық және әдістемелік деңгейін жетілдіруді игереді;
 - оқыту жүйесін басқаруды игереді;
 - мектепте оқыту үдерісін басқаруды ұйымдастыру әдістемесін меңгереді;
 - мектеп басшысының қызметін, мектептегі әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруды игереді;
 - адамзат тәрбиесіндегі халық педагогикасының ролін, үйелменнің ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық педагогикада алатын орнын айқындауды меңгереді;
- Іскерліктер:
- педагогикалық зерттеу әдістерін қолданады;
 - ынтымақтастық педагогикалық негізгі идеяларын, оларды оқу-тәрбие үдерісінде іске асырады;
 - Қазақстан Республикасының білімге

БК 1-5, 9,10, 12-16

КҚ 3.4.3

3.4.4

3.4.5

	<p>, тәрбиеге қатысты нормативтік құжаттарын қолданады;</p> <ul style="list-style-type: none"> - білім беру жүйесін жүйелейді; - педагогикалық жағдаяттарды шешеді; - тәрбие әдістерін жіктеп, оған әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарайды; - тәрбие әдістерін, құралдарын, формаларын қолдана алады; - білім алушылардың дүние танымын қалыптастырудың құралдары мен жолдарын қолдана алады; - жалпы адамдық мораль туралы ұғым қалыптасады; - оқу еңбегінің мәдениетіне тәрбиелейді; - сабақтың типіне, түріне сәйкес сабақ жоспарын құрастырады; - білімдік, іскерлік дағдыларын бақылау және бағалау формаларын қолданады; - білім алушыларға кәсіптік бағдар береді, экономикалық, дене тәрбиесі, құқық тәрбиесінің маңызын айқындайды; - тәрбиені жоспарлайды, ұйымдастырады, өткізеді; - ұлттық ұжыммен және жеке тұлғамен қарым-қатынас орнатады; - педагогикалық озат тәжірибені зерттеп, жинақтайды; - мектепті басқару әдістері және стилін ажыратады; - халық педагогикасын насихаттау мен дамыту, үйелмен тәрбиесінде әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерін қолданады. 	<p>3.4.12</p> <p>3.4.16</p>
--	--	-----------------------------

ЖКП 03	<p>Этнопедагогика.</p> <p>Этнопедагогика пәні және оның ғылым ретінде орны, зерттеу міндеттері.</p> <p>Халықтық педагогика - этнопедагогиканың зерттеу объектісі.</p> <p>Этнопедагогиканың методологиялық негіздері.</p> <p>Отбасындағы бала тәрбиесі.</p> <p>Ұлттың салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптары.</p> <p>Этнопедагогика тарихының негізгі кезеңдері.</p> <p>Ежелгі түркі тағылымдары.</p> <p>Орта ғасыр тәлімгерлік ой-пікірлері.</p> <p>XV-XVII ғасырлардығы ақын-жыраулар шығармаларындағы тәлімгерлік ой-пікірлер.</p> <p>XIX-XX ғасырлардағы ақын-жыраулардың педагогикалық-психологиялық ой-пікірлері.</p> <p>Тәрбиенің халықтық жүйесінің негізгі бағыттары: дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, экологиялық, құқықтық тәрбие.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - этнопедагогика пәні және оның ғылым ретінде орнын зерттеу міндеттерін меңгереді; - этнопедагогиканың методологиялық негіздерін меңгереді; - отбасы тәрбиесінің мәнін ашуды үйренеді; - ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды игереді. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - этнопедагогиканың тарихының негізгі кезеңдерін ажыратады; - ежелгі түркі тағлымдарын қолданады; - XV-XVII ғасырлардығы ақын-жыраулардың ой-пікірлерін талдайды; - XIX-XX ғасырлардағы ақын-жыраулардың педагогикалық-психологиялық ой-пікірлерін басшылыққа алады; - тәрбиедегі халықтық жүйесінің негізгі бағыттарын ажыратады. 	<p>БҚ 1-3,5,7,11,12</p> <p>КҚ 3.4.3</p> <p>3.4.4</p> <p>3.4.5</p> <p>3.4.10</p> <p>3.4.12</p> <p>3.4.14</p>
		<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тәрбиенің мақсат-міндеттері, мазмұнын ашуды игереді ; - қоғам дамуының негізгі кепілі – жеке тұлғаны жан-жақты дамыту жолдарын меңгереді; - жеке тұлғаны дамытуға әсер ететін объективті және субъективті факторларын айқындауды үйренеді; - жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі 	

ЖКП 04

Тәрбие жұмысының әдістемесі.

Мектептегі тәрбие жұмысының негізгі бағыттары.

Тәрбие әдістері, түрлері, ұйымдастыру формалары

Қазіргі замандағы мектептегі тәрбиеге қойылатын талаптар.

Оқушылар ұжымын ұйымдастыру жолдары.

Тәрбие жұмысын жоспарлау.

Қазіргі мектептердегі қоғамдық ұйымдар.

Сынып жетекшісінің негізгі міндеттері.

Мектеп пен отбасы арасындағы байланыс.

Сыныптан және мектептен тыс жұмыстар.

Сендіру және оның тәрбие процесіндегі рөлі.

Оқушыларға тәрбие берудегі халықтық тәрбиенің рөлі.

Тәрбие қорытындысын бағалау.

мазмұнын, тәрбие процесі ерекшеліктерімен танысуды игереді;
- тәрбие процесі туралы жалпы түсінігі қалыптасуын игереді;
- тәрбие принциптерін айқындауды үйренеді;
- өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу жолдарын қарастыруды үйренеді;
- тәрбие процесін түрлі формаларда ұйымдастыруды үйренеді;
- қоғамдық ұйымдардың жұмыс мазмұнымен танысуды игереді;
- сынып жетекшісінің негізгі міндеті мен қызметі туралы түсінігін қалыптастыруды игереді;
- ата-аналармен жұмыс жүргізу формаларын меңгереді;
- тәрбие жұмысын тәрбие жоспарларына сәйкес жоспарлауды үйренеді;
- сендіру, оның тәрбие процесіндегі рөлін анықтауды меңгереді;
- білім алушылармен сендірудің формалары мен әдістерін игереді;
- білім алушылардың тәрбиелік деңгейінің бағалау көрсеткіштерін айқындауды игереді;
- оқу-тәрбие жұмысында халықтық педагогиканы қолдануды игереді;
- тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттерін, бағыттарын айқындауды үйренеді;
- тәрбие құралдарын, әдістерін қолдануды игереді;
- тәрбие жұмысын жоспарлауды үйренеді:

БК 1-5,10,12-16

КҚ 3.4.3

3.4.4

3.4.5

3.4.12

3.4.14

3.4.16

- сынып жетекшісінің мақсат-міндеттерін үйренеді.
- Іскерліктер:
- тәрбие жұмысын жоспарлайды;
- тәрбие жұмысын өткізеді;
- тәрбие әдістерін, тәсілдерін, құралдарын қолдана біледі;
- сыныптан тыс іс-шараларды әртүрлі формада өткізеді;
- сынып жетекші жұмысын ұйымдастырады;
- халықтық педагогикада тәрбие түрлерін қолданады;
- мектептің тәрбие жүйесінің мәнін, мазмұны, тәрбиелік жүйе компоненттерін анықтай алады;
- сынып ұжымын құру мен топтастырудың негізгі жолдарын қолдана алады;
- ұжымды қалыптастырудағы диагностикалау әдістерін қолданады;
- білім алушыларға сендірудің негізгі формалары мен әдістерін қолдануға үйретеді.

Білімдер:

- сүтқоректі жануарлар мен адамның дене бөліктерінің арасында ұқсастықтарын игереді;
- жасушаның құрылысын, жасушаның химиялық құрамын меңгереді;
- тіршілік әрекетін ажыратуды үйренеді;
- микроскоптағы дайындалған препаратты қарап, олардың қай ұлпа екендігін анықтауды игереді;

**Анатомия, физиология,
мектеп оқушы гигиенасы.**

Адам ағзасының дамуы және жасуша туралы мәлімет.

Өсу мен даму заңдылықтары.

Жүйке жүйесі. Жүйке жүйесінің маңызы.

Жоғары дәрежелі жүйке қызметі.

Жоғары дәрежелі жүйке қызметінің маңызы.

И.М.Сеченов пен

- белгіленген мақсат бойынша қорытынды жасауды үйренеді;
- жүйке жүйесінің маңызын, бөлімдерін, құрылысын анықтайды;
- жұлынның құрылысын, қызметін меңгереді;
- мидың құрылысын игереді;
- ми бөліктерінің қызметін меңгереді;
- жоғары дәрежелі жүйке қызметінің типтерін ажыратуды үйренеді;
- білім алушылардың оқу және жазу сабақтарына қойылатын талаптарын анықтауды үйренеді;
- шаршаудың алдын алу шараларын, гигиенасын меңгереді;
- анализаторлар және олардың ерекшеліктерін игереді;
- қанның құрамы және қызметін ажыратуды игереді;
- қан аздықты болдырмау шараларын меңгереді;
- қан кеткенде алғашқы көмек көрсетуін игереді;
- тыныс алу мүшелерінің құрылысын меңгереді;
- ас қорыту мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін меңгереді;
- тамақтанудың гигиенасын игереді;
- ас қорыту мүшелерінің гигиенасын меңгереді;
- зат алмасудың реттелуін айқындауды үйренеді;
- ассимиляция, диссимиляция жайлы ұғымдарын игереді;
- ас қорытудың маңызын анықтауды үйренеді;
- зат шығару жүйесінің құрылысын, қызметтерін айқындайды;
- бүйрек ауруларының алдын алуын меңгереді;

ЖКП 05

<p>И.П.Павловтың жоғары дәрежелі жүйке қызметі туралы ілімі. Анализаторлар. Анализаторлардың маңызы, құрылысы. Қанның қызметі және құрамы. Жүрек тамыр жүйкесі. Жүректің құрылымы. Тыныс алу жүйесі. Тыныс алу мүшелерінің құрылысы мен атқаратын қызметі. Ас қорыту мүшелерінің құрылысы мен гигиенасы . Зат және энергия алмасуға жалпы сипаттама. Зәр шығару. Несеп шығару, несеп шығару жүйесінің маңызы мен құрылысы. Тері. Терінің қызметі, құрылысы. Шынықтыру. Ішкі секреция бездері. Ішкі секреция бездерінің түрлері. Санитарлық ағарту жұмыстары. Мекемедегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы гигиеналық талаптар.</p>	<ul style="list-style-type: none">- ішкі секреция бездерінің түрлерін ажыратуды үйренеді;- бездердің өзара байланысын және олардың әрекетінің реттелуін айқындауды меңгереді;- мекемедегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы гигиеналық талаптарды игереді;- жұқпалы аурулар түрлерін ажыратуды игереді;- алғашқы жәрдем көрсетуді меңгереді. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none">- шартты рефлексдердің тізім механизмін айқындайды;- шартты және шартсыз рефлексдердің айырмашылығын анықтайды;- шартты рефлексдердің тежелуін айқындайды;- жүйке жүйесі құрылымын кестеде көрсетеді;- жүйке жүйесінің құрылысын ішкі мүшелердің қызметіне әсер етуін түсіндіреді;- симпатикалық және парасимпатикалық түрлері туралы түсіндіреді;- білім алушының күн режиміне талдау жасайды және сыныптан тыс сабақтың мөлшерін анықтайды;- анализаторларды кестеде көрсетеді;- жарақаттанғанда таңғыш салуды көрсетеді ;- тірек-қимыл жүйесінің гигиеналық шараларын жоспарлайды;	<p>БК 1,4,5,7,9,10, 12,15 КҚ 3.4.3 3.4.5 3.4.12</p>
--	---	---

	<p>-тыныс алу мүшелерінің құрылысы мен қызметтердің ерекшеліктерін айқындайды;</p> <p>- мектеп оқушыларының бір күндік тамақ құрамының мөлшерін анықтайды;</p> <p>- мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты зат алмасу ерекшеліктерін бақылайды;</p> <p>- зәр шығару жүйесінің құрылысын кестеде көрсетеді;</p> <p>- "Терінің құрылысы" кестесімен жұмыс істейді ;</p> <p>- сыныпта, мектепте " Денсаулық бұрышын" және санитарлық көрмелер ұйымдастырады;</p> <p>- ата-аналармен жүргізілетін ағарту жұмыстарын жүргізеді;</p> <p>- балаларда кездесетін жұқпалы аурулардың алдын алу жолдарын жүргізеді;</p> <p>- шаққан кезде алғашқы жәрдем көрсетеді.</p>	<p>3.4.14</p> <p>3.4.16</p>
	<p>Білімдер:</p> <p>- ғылыми-зерттеу жұмыстарының мақсаты мен міндеттерін меңгереді;</p> <p>- ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістері мен формаларын игереді;</p> <p>- ғылыми зерттеуді ұйымдастыру техникасын, құрылымын, оларға қойылатын талаптарды меңгереді;</p> <p>- зерттелетін мәселенің жағдайын талдап, әдеби көздерді зерттейді,</p>	

ЖКП 06

Ғылыми-педагогикалық зерттеулер әдістемесі.

Ғылыми білім және ғылыми зерттеу жұмысы туралы түсінік.

Педагогикалық зерттеу әдістері.

Эмпирикалық зерттеу әдістері, модельдеу.

Әдебиеттері мен құжаттарды зерттеу.

Ұжым және тұлғаны зерттеу әдістері.

Педагогикалық эксперимент.

Педагогикалық зерттеуді жүргізу әдістемесі.

Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу әдістері.

Мектептегі озық педагогикалық іс-тәжірибелерді зерттеу.

педагогикалық практика фактілерін жинақтауды үйренеді;

- педагогикалық зерттеудегі ұғымдарға талдау жасауды меңгереді;

- педагогикалық зерттеу, бақылау және бағалау әдістерін, диагностикалық рейтингті пайдалануды игереді;

- педагогикалық зерттеулердің логикалық құрылымын меңгереді;

- педагогикалық зерттеу бағдарламасын жүзеге асыруды меңгереді;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарын әдеби көркемдеуді үйренеді;

- педагогикалық зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерін қолдануды игереді.

Іскерліктер:

- зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтайды;

- зерттеу әдістерін қолданады;

- ғылыми-зерттеу аппаратының мазмұнын құрады;

- тәжірибелік-эксперимент алдық жұмыстарын ұйымдастырады;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарын әдеби безендіреді;

- педагогикалық тәжірибе, оны зерттеу мен жалпылау әдістерін пайдаланады;

- педагогикалық зерттеудегі модельдеу, оның түрлерін ажыратады;

- эксперимент нәтижелерін анықтауда қолданады.

БК 1-5,7 9,12,13

КҚ 3.4.3

3.4.5

3.4.12

3.4.14

Жаңа педагогикалық технологиялар.

Білімдік технологияға кіріспе.

Педагогикалық технология туралы түсінік.

Педагогикалық технологиялар:

-Адамгершілікті қалыптастыруға негізделген әдебиетті оқыту жүйесі (Е.И.Ильин).

Оқушы әрекетін жандандыру және жетілдіру негізіндегі оқыту технологиялары:

- Ойын арқылы оқыту технологиясы;

- Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы;

- Проблемалық оқыту технологиясы;

- Модульдік оқыту технологиясы;

-Тірек-сигналдар арқылы оқыту технологиясы.

Оқу үдерісін ұйымдастыру және басқару тиімділігіне негізделген оқыту технологиялары:

-Бағдарламалап оқыту технологиясы;

-Ұжымдық оқыту технологиясы;

Компьютерлік технология.

Тілдік материалдарды сатылай комплексті талдау технологиялары:

Білімдер:

- педагогикалық инновацияның мәнін ашуды үйренеді;

- оқытудың қазіргі технологияларын меңгереді: білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту, дамыта оқыту, модульдік оқыту технологиясын, бағдарламалап оқыту, ұжымдық оқыту, компьютерлік технологиясын, тілдік материалдарды сатылай комплексті талдау технологиясын қолдануды игереді;

- жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктерін игереді;

- оқыту технологиясының мазмұны мен әдістерін, жаңа педагогикалық технологияны ендіру жолдарын меңгереді;

- ақпараттандыру және инновацияларды ұйымдастыруды, жаңалықтарды іздестіруді игереді;

- оқу-тәрбие үдерісінде жаңалықтарды алғашқы байқаудан өткізуді үйренеді;

- оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалануды игереді;

- оқу-тәрбие үдерісіне енгізілген жаңалықтардың нәтижесін бағалауды игереді.

Іскерліктер:

- "Педагогикалық технология", "Оқыту технологиясы" ұғымдарына берілген анықтамаларға талдау жасайды;

БК 1-5,7,10, 12,13

КҚ 3.4.3

3.4.5

3.4.12

3.4.14

3.4.16

	<ul style="list-style-type: none"> - Альтернативті оқыту технологиясы; - Дамыта оқыту технологиялары. Авторлық мектептегі педагогикалық технологиялар: - Сатылай-комплекті талдау технологиясы (А.Оразақынова); - Педагогикалық шеберхана технологиясы. 	<ul style="list-style-type: none"> - негізгі мектептегі пәндерді оқыту барысында қолдануға болатын педагогикалық технологияларға сипаттама беріп, оларға талдау жасайды; - пәндерді оқыту барысында қолдануға болатын қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларға сипаттама жасап, талдайды; - қазіргі заманғы инновациялық технологиялар мен идеялар жөнінде өзіндік бағыт-бағдар алады; - белгілі бір педагогикалық технологиялар бойынша педагогикалық процесті таңдайды және құрайды. 	
		<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - есептеуіш техника кабинетіндегі қауіпсіздік ережелерімен танысуды меңгереді; - электронды есептеу машиналарының даму тарихын меңгереді; - қазіргі заманғы компьютердің аппараттық жабдықталуын игереді; - жаңа үлгідегі компьютерлердің жұмыс өнімділігін меңгереді; - ЭЕМ-дің аппараттық жабдықтарының тізімімен танысуды игереді; - дербес ЭЕМ-нің элементтік базасын анықтауды игереді; - дербес компьютердің негізгі блоктарын игереді; ; - дискідегі мәлімет жинақтауыштардың аттарын меңгереді; 	

- компьютерге акпараттарды енгізу, сақтау, шығару құрылғыларын игереді;
- дербес компьютердің қосымша құрылғыларын анықтауды меңгереді;
- MS DOS операциялық жүйесінің қызметін меңгереді;
- операциялық жүйенің негізгі түсініктері мен белгілеулерімен танысуды игереді;
- файлдар жүйесі, оларды топтап белгілеуін анықтауды меңгереді;
- файлдар каталогын, маршрутын, пайдалануға болмайтын файл аттарын есте сақтауды игереді;
- файл аттарының стандартты түрлерін меңгереді;
- резидентті және транзитті командалардың айырмашылықтарын анықтауды игереді;
- Windows операциялық жүйесімен жұмыс жасау негіздерін меңгереді;
- операциялық жүйесінің негізгі функциялары, шартты белгілері, графикалық сілтемелерімен танысуды меңгереді;
- операциялық жүйесінің негізгі технологиялық принциптерін игереді;
- Windows ортасының анықтамалық жүйесін меңгереді;
- Windows жүйесінде терезелермен орындалатын негізгі операцияларын қолдануын меңгереді;
- сұхбаттасу терезелерінің стандартты элементтерін игереді;

- Microsoft Word мәтіндік редакторы туралы жалпы мағлұматтарын игереді;

- мәтіндік редактор терезесінің стандартты элементтерін анықтауды меңгереді;
- мәтіндік редактордың стандартты және форматтау саймандар тақталарының қызметі мен айырмашылықтарын ажыратуды үйренеді;
- мәтіндік редакторында құжатты теру, оларды сақтау жолдарын меңгереді;
- дискіде бұрын жазылған құжаттарды ашу жолдарын игереді;
- қаріптердің негізгі параметрлерін анықтау жолдарын меңгереді;
- символдарды, қаріптерді форматтау әрекеттерін орындауды меңгереді;
- қатар аралық интервалдарды орнатуын игереді;
- формулалар редакторын пайдалануын игереді;
- кестелерді құру, оларды өңдеу жолдарын игереді;
- Microsoft Excel электрондық кестесі туралы жалпы мағлұматтарын игереді;
- ұялар ішіндегі мәліметтер, мәтін, сандар, формулалар енгізу жолдарын көрсетуін үйренеді;
- қатарлар, бағаналар, блоктармен орындалатын операцияларын меңгереді ;
Оқу-өндірістік жабдықтар және техникалық оқыту құралдарының тізімі шамамен тиісті мамандықтың пәндері бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнына қарай анықталады.

Нақты оқу орнын жабдықтау үшін оқу-өндірістік жабдықтар және техникалық оқыту құралдарының тізіміжұмыс оқу бағдарламаларын есепке ала отырып, кадрлар даярланатын серіктес кәсіпорынмен бірлесіп анықталады. Бұл ретте саланың даму келешектерін есепке алғанда, ИТ-технологиялар, 3D-технологиялар, АКТ, қашықтықтық, модульдік, дуалдық, кредиттік оқытуды ескеру қажет.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 22 қаңтардағы
№ 72 бұйрығына 362-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 15 маусымдағы
№ 384 бұйрығына 821-қосымша

Үлгілік оқу жоспары

техникалық және кәсіптік білім

Білім коды және бейіні: 0800000 – Мұнай - газ және химия өндірісі

Мамандығы: 0807000 – Мұнай және газ кәсіпшіліктерінің жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу

	н у негіздері, құқық негіздері)					180				
ЖКП.00	Жалпы кәсіптік пәндер					850	522	312	16	1-4
ЖКП 01	Мемлекеттік тілде іс жүргізу		+	+		52		52		
ЖКП 02	Инженерлік графика және машина құрастыру сызуы		+	+		92	40	52		
ЖКП 03	Жалпы электротехника және электроника негізі		+	+		78	58	20		
ЖКП 04	Техникалық механика негізі	+	+	+		114	78	36		
ЖКП 05	Техникалық өлшеу және стандарттау негізі		+	+		78	58	20		
ЖКП 06	Станоктар мен құралдар және металды кесу арқылы өңдеу		+	+		78	56	22		
ЖКП 07	Металдар технологиясы және констру		+	+		72		14		

ҚА 01	Қорытынды аттестаттау***					60				
ҚА 02 (КДДБ)	Кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілікті беру					12				
	Міндетті оқыту жиыны					5760				
К	Консультациялар	Оқу жылына 100 сағаттан артық болмауы керек								
Ф	Факультативтік сабақтар	Теориялық оқыту кезеңінде аптасына 4 сағаттан артық болмауы керек								
	Барлығы					6588				

Ескерту:

ЖБП– Жалпы білім беретін пәндер; ЖГП– Жалпы гуманитарлық пәндер; ЭЭП - Әлеуметтік-экономикалық пәндер; ЖКП – Жалпы кәсіптік пәндер; АП – арнайы пәндер; БҰАП – жұмыс берушілердің талаптары бойынша білім беру ұйымдары анықтайтын пәндер; ӨО – өндірістік оқыту; КП – кәсіптік практика; АА – аралық аттестаттау; ҚА – қорытынды аттестаттау; КДДБ – кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру; К – консультация; Ф – факультативтік сабақтар.

*ТЖКБ-ның МЖМБС-на сәйкес пәндердің тізімі үлгілік оқу жоспарында орындауға міндетті болып табылады. Бақылау нысандары (курстық жұмыстардың, бақылау жұмыстарының, емтихандардың саны), пәнді оқыту тәртібі үлгі болып табылады және оқыту нысанына, мамандықтардың ерекшеліктеріне, жергілікті және басқа да жағдайларға (жайлар) қарай, о.і. жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

**Білім беру ұйымы анықтайтын пәндерге арналған сағат көлемі жалпы кәсіптік және арнайы пәндер циклдарының сағат көлемін (25% дейін) қысқарту есебінен ұлғайтылуы мүмкін.

***Қорытынды аттестаттауға ұсынылатын нысандар: дипломдық жоба қорғау.

	шетел тілі, дене тәрбиесі , қазақстан тарихы)				472				
ӘЭП 00	Әлеуметтік-экономикалық пәндер (мәдениеттану, философия негіздері , әлеуметтану және саясаттану негіздері , экономика негіздері, құқық негіздері)				180				1-3
ЖКП 00	Жалпы кәсіптік пәндер				840	548	276	16	1-3
ЖКП 01	Мемлекеттік тілде іс жүргізу		+	+	42	8	34		
ЖКП 02	Инженерлік графика және машина құрастыру сызуы		+	+	80	20	60		
ЖКП 03	Жалпы электротехника және электроника негізі		+	+	78	68	10		

ЖКП 04	Техникалық механика негізі	+	+	+		114	88	26		
ЖКП 05	Техникалық өлшеу және стандарттау негізі		+	+		78	58	20		
ЖКП 06	Станоктармен құралдар және металды кесу арқылы өңдеу		+	+		78	56	22		
ЖКП 07	Металдар технологиясы және конструкциялық материалдар		+	+		72	58	14		
ЖКП 08	Қолданбалы информатика		+	+		36		36		
ЖКП 09	Өндірістік экономика, жоспарлау және өндірісті ұйымдастыру	+	+	+		70	38	16	16	
ЖКП 10	Өндірісті автоматтандыру негізі және ТПБАЖ	+	+	+		96	78	18		
ЖКП 11	Еңбек қорғау және өндірісті	+	+	+		96		20		

КП 01	Жұмысшы мамандығын алу					360				
КП 02	Технологиялық практика					504				
КП 03	Диплом алды практикасы					180				
КП 04	Дипломдық жобалау					252				
АА 00	Аралық аттестаттау					216				
ҚА 00	Қорытынды аттестаттау					72				
ҚА 01	Қорытынды аттестаттау***					60				
ҚА 02 (КДДБ)	Кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілікті беру					12				
	Міндетті оқыту жиыны					4320				
К	Консультациялар	Оқу жылына 100 сағаттан артық болмауы керек								
Ф	Факультативтік сабақтар	Теориялық оқыту кезеңінде аптасына 4 сағаттан артық болмауы керек								
	Барлығы					4960				

Ескерту: ЖБП– Жалпы білім беретін пәндер; ЖГП– Жалпы гуманитарлық пәндер; ЭЭП - Әлеуметтік-экономикалық пәндер; ЖКП – Жалпы кәсіптік пәндер; АП – арнайы пәндер; БҰАП – жұмыс берушілердің талаптары бойынша білім беру ұйымдары анықтайтын пәндер; ӨО – өндірістік оқыту; КП – кәсіптік

практика; АА – аралық аттестаттау; ҚА – қорытынды аттестаттау; КДДБ – кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру; К – консультация; Ф – факультативтік сабақтар.

*ТЖКБ-ның МЖМБС-на сәйкес пәндердің тізімі үлгілік оқу жоспарында орындауға міндетті болып табылады. Бақылау нысандары (курстық жұмыстардың, бақылау жұмыстарының, емтихандардың саны), пәнді оқыту тәртібі үлгі болып табылады және оқыту нысанына, мамандықтардың ерекшеліктеріне, жергілікті және басқа да жағдайларға (жайлар) қарай, о.і. жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

**Білім беру ұйымы анықтайтын пәндерге арналған сағат көлемі жалпы кәсіптік және арнайы пәндер циклдарының сағат көлемін (25% дейін) қысқарту есебінен ұлғайтылуы мүмкін.

***Қорытынды аттестаттауға ұсынылатын нысандар: дипломдық жоба қорғау.

Оқу-өндірістік жабдықтар және техникалық оқыту құралдарының тізімі шамамен тиісті мамандықтың пәндері бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнына қарай анықталады.

Нақты оқу орнын жабдықтау үшін оқу-өндірістік жабдықтар және техникалық оқыту құралдарының тізіміжұмыс оқу бағдарламаларын есепке ала отырып, кадрлар даярланатын серіктес кәсіпорынмен бірлесіп анықталады. Бұл ретте саланың даму келешектерін есепке алғанда, ИТ-технологиялар, 3D-технологиялар, АКТ, қашықтықтық, модульдік, дуалдық, кредиттік оқытуды ескеру қажет.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 22 қаңтардағы
№ 72 бұйрығына 364-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 15 маусымдағы
№ 384 бұйрығына 823-қосымша

**0807000 – Мұнай және газ кәсіпшіліктерінің жабдықтарына
техникалық қызмет көрсету және жөндеу мамандығы бойынша
техникалық және кәсіптік үлгілік оқу бағдарламалары**

**Пәндер циклдері және кәсіптік практика бойынша оқу
бағдарламаларының мазмұны (жоғары деңгей)**

Циклдің (пәннің) индексі	Пәннің, практиканың атауы және негізгі бөлімдері	Қалыптасатын білімдер, іскерліктер және дағдылар	Қалыптасатын құзыреттер коды
ЖБП 00	Жалпы білім беретін пәндер		
ЖГП 00	Жалпы гуманитарлық пәндер		

ЖГП 01	<p>Кәсіптік қазақ (орыс) тілі. Тілді дамыту. Тілдік коммуникация. Мәтін. Мәтін принципі. Кәсіптік – іскерлік тілдесу. Өндірістік құжаттардың негізгі түрлері. Оларды құрастыру мен рәсімдеудің ережелері. Іскерлік хаттар. Жеке іскерлік қағаздар. Іскерлік құжаттардағы сөз тәртібі. Тілдік модификация факторларының негізгі құралдары: сөздік, анықтамалық, техникалық тесттер.</p>	<p>Білімдер: - қазақ (орыс) тілін білу, кәсіптік бағыттағы мәтіндермен жұмыс істеуге және оларды талдауға қажетті лексикалық және грамматикалық минимумдар; - қазақ (орыс) әдеби тілінің публицистикалық және ресми-іскерлік қазақ (орыс) тілінің нормалары, белгілері, жанрлары; - қазақ (орыс) орфографиясы мен пунктуациясының негізгі принциптері; - фонетика, сөзжасам, морфология және синтаксис бойынша негізгі мәліметтер. Іскерліктер: - ауызша іскерлік коммуникацияның дағдыларын қолдана білуі; - түрлі жанрдағы жазбаша, ауызша мәтіндер құруы; - кәсіптік түрлі тілдік құралдарды меңгеруі; - кәсіптік бағыттағы мәтіндерді редакциялау және жетілдіру.</p>	БҚ 9 БҚ 10 ҚҚ 2.1.12. КҚ2.2.9.
ЖГП 02	<p>Кәсіптік шетел тілі. Кәсіптік шетел тілдерінің негізі. Кәсіптік терминдер мен фразеологиялық айналымдар. Мамандығы бойынша кәсіптік, іскерлік тіл негізі. Ауызша кәсіптік іскерлік қарым-қатынас және оның нормалары. Тілдік факторлардың негізгі кодтары: сөздік, анықтамалық, техникалық мәтін.</p>	<p>Білімдер: - шетел тілін үйреніп, кәсіптік бағыттағы мәтіндермен жұмыс істеу және грамматикалық минимумды меңгеру; - тілдік нормаларды, тілдесудің іскерлік аясындағы стилистикасын игеру; Іскерліктер: - ауызша іскерлік коммуникацияның дағдыларын қолдана білуі;</p>	БҚ 9 БҚ 10 ҚҚ 2.1.12. КҚ2.2.9.

	Аударма техникасы (сөздікпен), кәсіптік бағыттағы мәтіндерді аудару.	- іс құжаттарын редакциялауы; - кәсіптік бағыттағы мәтіндерді жетілдіру, редакциялауы.	
ЖГПІ 03	<p>Дене тәрбиесі. Адамның әлеуметтік кәсіптік жалпы мәдени дамуындағы дене тәрбиесінің рөлі; Дене тәрбиесінің әлеуметтік биологиялық және психофизиологиялық негізі. Өзін өзі жетілдірудің физикалық және спорттық негізі. Дене тәрбиесінің кәсіби-қолданбалы дайындығы.</p>	<p>Білімдер: - адамның әлеуметтік кәсіптік жалпы мәдени дамуындағы дене тәрбиесінің рөлі; - өзін өзі жетілдірудің физикалық және спорттық негізі; - спорттық жаттығуларды орындау кезіндегі техника қауіпсіздігі ережелері, волейбол, баскетбол ойыны ережелері, шаңғыда жүру ережесі, гимнастикалық жаттығуларды орындау ережесі, компаспен бағдарды анықтау. Іскерліктер: - дене тәрбиесі нормативтерін орындау.</p>	БҚ 14
ЖГПІ04	Қазақстан тарихы.		
ЖКПІ 00	Жалпы кәсіптік пәндер		
ЖКПІ 01	<p>Мемлекеттік тілде іс жүргізу. Мекемелерде іс қағаздар жүргізуді ұйымдастыру. Техникалық сөздіктердің ерекшеліктері. Кеңсе құжаттары жұмысын жүргізу негізі. Ұйымдастыру-таратылу, нормалық-құқықтық, ақша-финанс-есептік және анықтамалық құжаттар. Қызметтік хаттар жазудың негізгі әдістері. Іс қағаздарын жүргізуге автоматты басқару жүйесін пайдалану. Құжаттар жинағы туралы түсінік.</p>	<p>Білімдер: - техникалық және лингвистикалық сөздіктер түрлері; - ақпараттық және іс құжаттарының жіктелуі; - қазіргі кезде іс қағаздарын жүргізу стандарттарына қойылатын талаптар; - құжаттар формуляры және олардың бөліктері; - құжаттар жинағы туралы түсінік; - құжаттар қоры туралы түсінік. Іскерліктер: - әртүрлі сөздіктерді қолдануы; - әртүрлі құжаттарды жіктеуі; - құжаттар формулярын толтыруы;</p>	БҚ 9 БҚ 10 ҚҚ 2.1.12. ҚҚ2.2.9.

	<p>Жазба құжаттарының алғашқы және күрделі жинақтары. Құжат қорлары туралы түсінік. Архив. Мемлекеттік және мекеме архивтері. Ұлттық архив қоры.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарымен жұмыс жасауы; - архивтік құжаттардың текстілері үлгілерін талдауы; - архивке құжаттарды дайындап, сақтауға тапсыруы. 	
ЖКП 02	<p>Инженерлік графика және машина құрастыру сызуы. Сызба форматтары. Масштабы. Сызбалардың графикалық орындалуы. Техникалық бөлшектердің контурлары. Призма, пирамида, цилиндр, параллелепипед, куб, конус. Сызбаларды орындаудың жалпы ережелері. Бөлшектердің сызбалары және эскиздері. Құрастыру сызбасы. Эскиздің мақсаты және оның жұмыс сызбасынан ерекшелігі. Бөлшек эскизінің орындалу тәртібі мен кезектілігі. МЕМСТ бойынша бөлшектердің өлшемдерін салу. Сызбаға жазылатын жазулар және олардың мазмұны. Мамандықтар бойынша сызбалар және схемалар.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сызбалардың графикалық орындалуы; - техникалық бөлшектердің контурлары; - сызбаларды орындаудың жалпы ережелері; - бөлшектердің сызбалары және эскиздері; - құрастыру сызбасы туралы жалпы түсінік; - бөлшек эскизінің орындалу тәртібі мен кезектілігі; - МЕМСТ бойынша бөлшектердің өлшемдерін салу; - мамандықтар бойынша сызбалар және схемалар. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - шартты белгілер мен негізгі ережелерді БАБҚ бойынша сызбада безендіруі; - шрифтпен орындау үшін сызбада бас әріптерді белгілеуі; - бөлшектердің контурын сызуы; - масштабты таңдауы, сызбаға өлшемдерін дұрыс салуы; - геометриялық денелерді проекциялауы; - бөлшектердің эскизін орындауы; - бөлшектердің сызбасын оқуы; 	КҚ2.1.13.

		<ul style="list-style-type: none"> - мамандықтар бойынша сызбалар және схемаларды сызуы. 	
ЖКП 03	<p>Жалпы электротехника және электроника негізі.</p> <p>Электр энергиясы, оның қасиеттері және қолданылуы.</p> <p>Электр тоғы. Тұрақты токтың электр тізбегінің есебі.</p> <p>Электрлік және магниттік өріс.</p> <p>Электрмагниттік индукция.</p> <p>Синусоидтық ЭҚК және ток.</p> <p>Айнымалы токтың электр тізбегінің параметрлері мен элементтері.</p> <p>Симметриялы үш фазалы электр тізбегі.</p> <p>Электронды лампалар.</p> <p>Жартылай өткізгішті, фотоэлектронды құрылғылар.</p> <p>Электронды түзеткіштер, күшейткіштер.</p> <p>Электронды генераторлар және өлшеу құралдары.</p> <p>Микроэлектрониканың интегральды схемалары.</p> <p>Автоматты жүйедегі электронды құрылғылар.</p> <p>Кәсіпшіліктерді электрмен қамтудың кәзіргі сызбалары.</p> <p>Қорғаныш жерлендірудің мақсаты, құрылысы және бақылау жағдайы.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электр энергиясы, оның қасиеттері және қолданылуы; - электрмагниттік өріс және электрмагниттік индукция; - үш фазалы электр тізбегі; - жартылай өткізгіштігі құрылғылар; - фотоэлектронды құрылғылар; - электронды түзеткіштер және күшейткіштер; - микроэлектрониканың интегральды схемалары; - автоматты жүйедегі электронды құрылғылар; - кәсіпшілік мекемелерін электрмен қамтудың кәзіргі сызбалары; - қорғаныш жерлендірудің мақсаты, құрылысы және бақылау жағдайы. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сыздада электр тізбегінің негізгі элементтерін бейнелеуі; - берілген элементтермен электр тізбегін құруы; - Ом, Кирхгофф және Джоул-Ленц заңдарын есеп шығаруға қолдануы; - токқа, кернеуге, энергия қуатына және кедергіге өлшеужүргізуі; - электрмен коректендіруші тізбектің қысқартылған есебін шығаруы. 	КҚ2.2.10.
		<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - теориялық механика және оның түрлері; - статика аксиомалары және олардың негізгі түсінігі; 	

ЖКП 04	<p>Техникалық механика негізі. Теориялық механика және оның бөлімдері. Статика аксиомалары және олардың негізгі түсінігі. Кинематика. Кинематиканың негізгі түсінігі. Динамика. Динамика аксиомалары және негізгі түсінігі. Жұмыс және қуат. Динамика теориясы. Материалдар кедергісі. Деформация түрлері. Машина бөлшектері. Бөлшектер мен түйіндердің байланысуы. Бөлшектер және машиналар беріктігіне, есептеулер. Қосылыстар түрлері. Берілістердің туралы түсінік және түрлері. Біліктер мен осьтер. Подшипниктер. Муфталар. Корпус бөлшектері және серіппелер.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - кинематиканың негізгі түсінігі; - динамика аксиомалары және негізгі түсінігі; - материалдар кедергісі; - машина бөлшектері; - бөлшектер мен машиналар беріктігіне есептеулер; - қосылыстар түрлері; - берілістердің туралы түсінік және түрлері; - біліктер мен осьтер; - подшипниктер; - муфталар; - корпус бөлшектері және серіппелер. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - теориялық механика негізін түсіндіруі; - статика аксиомалары және олардың негізгі түсінігі туралы білімді қолдануы; - кинематиканың негізгі түсінігін білуі; - динамика аксиомалары және олардың негізгі түсінігі туралы білімді қолдануы; - материалдар кедергісін, машина бөлшектері беріктігін есептеуі; - қосылыстар түрлерін, берілістер түрлерін білуі; - біліктер мен осьтерді, подшипниктерді, муфталарды таңдауы - беріктікке, қаттылыққа және төзімділікке есеп жүргізуі; - төзімділік шегі коэффициентінің төмендеуін анықтауы. 	БҚ 16
		<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мемлекет стандартымен белгіленген анықтамалар мен белгілер; - стандартқа сәйкес қондырулар және отырғызуларды сызбаларда белгілеу; 	

Техникалық өлшеу және стандарттау негізі.

Қондырулардың және отырғызулардың негізгі түсінігі.

Тегіс цилиндрлі бөлшектер үшін қондырылу жүйесі.

Тегіс калибрге қондырулар. Сыртқы бетінің формасының дәлдігі. Сыртқы бетінің кедір-бұдырлығы.

Тербеліс мойынтіректерінің дәлдік шегі.

Метрологиялық қызмет, оның структурасы және міндеті. Өлшеу әдістері. Өлшеу құралдарының классификациясы.

Стандарттың өлшеу бірлігі. Штрихті, тежегіш-механикалық және тежегіш-оптикалық аспаптар.

Бұрандалы қосылыстарының қондырулары және отырғызулары.

Бұрандалардың өлшеуіш құралдары және әдістері.

Шпонкалық қосылыстардың қондырулары және отырғызулары.

Тісті дөңгелекке қондырулары.

- негізгі өлшем бірліктері және өлшем құралдарының метрологиялық көрсеткіштері;

- өлшеу құралдарының құрылысы;

- өлшеу құралдарының әдістері және конструкциясы;

- озық және комплексті стандарттау, унификациялау, агрегаттау туралы негізгі түсініктер;

- өнім стандартын басқару;

- мойынтірек қондырылуының сызбаларда шартты белгіленуі;

- подшипникті экономикалық таңдау;

- метрологиялық қызметтің құрылымы мен және міндеттері;

- стандарттау және өлшеу жұмысының арасындағы байланыс.

Іскерліктер:

- мойынтіректердің қондырылу есебін жүргізуі;

- жіберілу алаңының орналасу схемасын салуы ;

- ө л ш е у құрал-саймандарын қолдануы;

- кез келген құралдар және аспаптармен өлшеу жүргізуі;

- шпонкалық және шлицті қосылыстардың шартты белгілерін шешуі ;

- өлшеудің техникалық құралдарын пайдалануы;

- қозғалмалы мойынтіректердің сыртқы және ішкі

		<p>сақиналарының қондырылуын таңдауы және есептеуі;</p> <ul style="list-style-type: none"> - машина жасау жұмысындағы өлшеу құралдарын таңдауы; - ауытқулар шегінің есебі және бұрандалардың диаметрін қондыруларын , саңылауды және керілісті есептеуі.
<p>ЖКП 06</p>	<p>Станоктармен құралдар және металды кесу арқылы өңдеу. Кесу процесі. Металл кесу, кесетін құрал - саймандар және металл кескіш станоктар жайлы мәлімет. Токарлық станоктарда дайындамаларды өңдеу. Тесіп-кеңейту тобындағы станоктарда дайындаманы өңдеу. Фрезерлеу тобындағы станоктарда дайындамаларды өңдеу. Жону және созу, соғу станоктарында жартылай дайындаманы өңдеу. Тіс өңдейтін станоктарда жартылай дайындамаларды өңдеу. Дайындамаларды жону және қырып тегістеуші станоктарда өңдеу. Өңдеудің электрофизикалық және</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - металдарды кесу туралы негізгі түсініктер; - құрал-саймандардың жіктелуі, принципі және өте қатты материалды пайдалану; - кесу процесімен токарлық өңдеудің түрлерін және металды механикалық өңдеудің негізгі түрлерін анықтау; - станокқа тұлғаны бекіту және ортасын келтіру әдістері, станокты номерлеу және оны талдау; - кинематикалық схема элементтерінің шартты белгілері; - сандық бағдарламалы басқару станоктың классификациясы; - муфтаның классификациясы және оның мақсаты; - бұранда кесу және токарлық өңдеу кезінде кесу режимін таңдау және есептеу реті; - токарлық жартылай автоматтар және автоматтар; - электрохимиялық және электрофизикалық өңдеу ерекшеліктері. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кескіш құралдардың конструкциялық элементтерін анықтауы; - кинематикалық тізбектің теңдеуін құруы;
		<p>БҚ4</p>

	<p>электрохимиялық әдістері. Көп сериялы өндіріске арналған металл кескіш жабдықтар .</p>	<ul style="list-style-type: none"> - бағдарламаны жазу және толықтыруы; - түйіндер мен негізгі блоктар, санды бағдарламалы станоктың құрылысын анықтауы; - әр түрлі фрезерлеу үшін фрезаның типін таңдауы, фрезаға МЕМСТ қолдануы; - жону және үгіту кескіштеріне МЕМСТ қолдануы; - кез келген тісті станоктарының кинематикалық тізбек теңдеуін құрастыруы; - электрохимиялық өңдеу әдісін жүргізуі. 	
	<p>Металдар технологиясы және конструкциялық материалдар. Металдардың құрылысы, қасиеттері. Қорытпалардың негізгі теориясы. Көміртекті болаттар. Болатты термиялық және химиялық өңдеу. Легірленген болат. Шойын. Ұнтақ материалдар. Қатты қорытпалар. Түсті металл қорытпалары.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - металлургияның ролін, даму жолы мен перспективасы; - шойынды, болатты, мысты, титанды, алюминийді алу тәсілі; - қара және түрлі-түсті металлургияның қоршаған ортаға әсер етуі және зиянды қалдықтардың лақтыруын азайту жолдары; - мұнай және газ өнеркәсібі жабдықтарын дайындауға арналған болаттардың қолданылуы ; - болаттың химиялық құрамы, жіктелуі, қолданылуы, сапасы, құю сапасына қарай жіктелуі; - жіктелуін, маркаларын және құйма шойындардың қасиеті мен артықшылықтары; - ұ н т а қ металлургиясының мәні; - коррозияның және коррозиялық бүліну түрі, мәні; - пластмассаның құрамына байланысты 	

ЖКП 07

Ерекше қасиетті қорытпалар.
Металдар коррозиясы және онымен күрес.
Металды өңдеу әдістері.
Металдар қысыммен өңдеу.
Дәнекерлеу, пайка және металды термиялық кесу.
Металды кесу арқылы өңдеу.
Электрлі өңдеу тәсілдері.
Метал емес құралмалы материалдар.
Пластмассалар.
Каучук негізіндегі материалдар.
Ағаш, лак, краска, төсеніш және нығыздау материалдары.
Жаңа прогрессивті технологиялық құрылымды материалдары.

қасиеті, пайдалану аймағы, және жіктелуі;
- каучуктың түрі мен қасиеттері, оның қолданылуы;
- қолданылуы бойынша л а к б о я у материалдарының классификациясы;
- балқытып жапсыру кезіндегі техника қауіпсіздігі және еңбек қорғау ережелері.
Іскерліктер:
- металдардың құрылысын зерттеуі;
- металдардың қаттылығын престо Вickers, Роквелл, Бреннель бойынша анықтауы;
- қорытпаларды алу әдістерін табуы;
- қажетті қасиеттерді ескере отырып, берілген болат маркасына байланысты, термиялық ж ә н е химиялық-термиялық өңдеуді таңдауы;
- белгілі бұйымдар үшін анықтамалық әдебиеттерден пластмассаларды таңдап, қолдана білуі;
- желім және сыр бояулар материалдарымен жұмыс жасауы;
- мұнай және газ өнеркәсібі жабдықтарын коррозиядан қорғаудың тиімді әдісін таңдауы.

БҚ 13

Білімдер:
- мекеменің өндірістік құрылымы;
- мұнай – газ өндіру кәсіпшілігінің материалдық техникалық базасы;
- негізгі қор классификациясы;
- кадрлар құрылымы,

Өндірістік экономика, жоспарлау және өндірісті ұйымдастыру.

Мекеменің өндірістік құрылымы.

Мұнай- газ өнеркәсібінің өндірістік құрылымы.

Мекеменің материалдық – техникалық базасы және құралдары.

Кадрлар, еңбек өнімділігі . Еңбек ақыны ұйымдастыру.

Пайда, рентабельдік, бәсекеге қабілеттілік.

Мұнай- газ өндіру мекемелерінің технико-экономикалық көрсеткіштері.

Жөндеу жұмысының өзіндік құны.

Негізгі және қосымша өндірісті ұйымдастыру.

Өндірістің техникалық дамуы.

Өндірістің тиімділігін арттыру.

Өндірісті басқаруды ұйымдастыру негізі.

Мұнай- газ кәсіпшілігі мекемелерінің жұмысын жоспарлау негізі.

- мұнай – газ кәсіпшілігі жабдықтарын жөндеу жұмыстарының өзіндік құнының құрылымы;

- калькуляцияның жеке баптарын есептеу әдістері;

- мұнай – газ өндірудегі ғылыми техникалық прогрестің негізгі бағыттары;

- мекеменің жабдықтарын жөндеудің негізгі экономикалық есептері;

- кәсіпшілік жабдықтарын жөндеудің жаңа техникасы мен технологиясы.

Іскерліктер:

- еңбек өнімділігін есептеуі;

- жеке бағалауды, еңбек бригадасының еңбек ақы қорын есептеуі;

- жұмысшылар санын есептеуі;

- калькуляцияның жеке баптары бойынша шығындарды есептеуі;

- оперативтік жоспарлар көрсеткіштерін есептеуі, сол бойынша шешім қабылдауы;

- негізгі қорлар құрылымына анализ жасауы;

- айналым заттарын қолдану көрсеткіштерін есептеу және анализ жасауын;

- жөндеу жұмысының жалақысын есептеуді;

- ұйымдастыру техникалық шараларының экономикалық тиімділігін есептеуді жүргізу;

- ақпараттық және техникалық оқулықтармен өз бетінше жұмыс жасауы;

		<ul style="list-style-type: none"> - жоспарлы және ескерту жұмыстарының графигін құруы; - жөндеу жұмыстарын орындаудың нормативтік құжаттарын пайдалануы. 	<p>БҚ 8 БҚ 12</p>
ЖКП 09	<p>Өндірісті автоматтандыру негізі және ТПБАЖ. Технологиялық процестерді автоматты басқарудың негіздері. Басқарудың автоматты жүйелері (БАЗ). Басқару объектілері және оның қасиеттері. Реттеудің автоматты жүйелері (РАЖ). Өлшеу аспаптарының классификациясы және метрология туралы түсінік. Қысымды өлшеу. Шығынды және мөлшерді өлшеу. Сұйықтық деңгейін өлшеу. Температураны өлшеу. Газ және газ қоспаларының талдауы. Физикалық қасиеттерді бақылау.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - автоматты реттеу объектілерінің туралы түсінік; - автоматты реттеуіштер құрылымы; - автоматты реттегіштер классификациясы; - пневматикалық және орындаушы электрлік құрылғылар; - гидравликалық және электргидравликалық реттеуіштер; - технологиялық қондырғыларда реттеуіштерді құрып орнату ерекшеліктері; - басқару жүйесінің құрамы, классификациясы және мақсаты; - басқару нысандарын автоматтандырудың типтік шешімдері; - мұнай – газ өндірісі процестерін автоматтандыру; - мұнай – газ өндірісі жабдықтары жұмысын автоматтандыру; - өндірістік роботтың басқару жүйелері, қолданылуы, классификациясы. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - құрылғылардың ауытқуын анықтап, есептеуі, дәлдік класын анықтауы; - құрылғылардың дәлдік класын анықтауы, ауытқуларды есептеуі; - құрылғылардың жарамдылығын қорытындылауы; 	<p>КҚ2.1.14.</p>

	<p>Технологиялық процестерді басқарудың автоматты жүйесі (ТПБАЖ).</p> <p>ТПБАЖ-нің құрылымы және ұйымдастыруы</p> <p>Мұнай – газ кәсіпшілігінің негізгі процестерін автоматтандыру.</p> <p>Технологиялық процестердің қауіпсіздігін қамтамасыздандыру.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - техникалық жабдықтарда орнатылған деңгей өлшеуіштер және деңгей түрлендіргіштің сыртқы келбеті бойынша ажыратуы; - материал шығыны және санының өлшем бірліктерін анықтауы; - шығын және санын бақылайтын құрылғыларды шартты белгілеуі және бейнелеуі; - сиымдылықтағы сұйықтық деңгейін өлшеуі; - аппараттадағы температураны өлшеуін бақылауы; - реттеу процесінің сапалы көрсеткіштерін таңдауы; - анықтама материалдары , МЕМСТ-ті, нормаларды қолдана білуді. - автоматты реттеу жүйесі элементтерінің схемада графикалық және шартты белгіленуі және бейнеленуі; - тұрақтылық жүйесінің түсінуі. 	
	<p>Еңбек қорғау және өндірістік экология.</p> <p>Еңбекті қорғаудың негізгі түсініктері, еңбек қорғауды ұйымдастыру жұмыстары, кәсіби аурулар туралы түсінік, өндірістік жарақаттанудың алдын алу.</p> <p>Электр тоғы әсері және тоқ соққан кездегі алғашқы көмек.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - еңбек қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, өндірістік жарақат, кәсіби аурулар туралы түсініктер және олардың алдын алу; - электр тоғы әсері және тоқ соққан кездегі алғашқы көмек; - мұнай- газ кәсіпшілігіндегі техника қауіпсіздігі ережелері; - қысыммен жұмыс жасайтын сосудтарды қауіпсіз пайдалану; - қауіпті және жарылғыш заттарды сақтау, тасымалдау; 	

ЖКП 10	<p>Мұнай- газ кәсіпшілігіндегі техника қауіпсіздігі ережелері.</p> <p>Қысыммен жұмыс жасайтын сосудтарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік.</p> <p>Қауіпті және жарылғыш заттарды сақтау, тасымалдау.</p> <p>Өрт қауіпсіздігі. Өрт сөндіру құралдары және әдістері.</p> <p>ҚР "Қоршаған ортаны қорғау туралы заңы".</p> <p>ҚР қоршаған ортаны қорғау туралы нормативтік құқық негіздері.</p> <p>Қоршаған ортаны қорғаудың заңнамалық актілері мен Халықаралық ынтымақтастық.</p> <p>Табиғатты зиянды заттармен ластау көздері.</p> <p>Су бассейнін қорғау.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - өрт қауіпсіздігі негізі, өрт сөндіру құралдары және әдістері; - қоршаған ортаны қорғау туралы нормативтік құқық негіздері; - табиғатты зиянды заттармен ластау көздері. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - еңбек қорғау инструктажы ережелерін сақтауы; - қысыммен жұмыс жасайтын сосудтарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауы; - өрттен қорғау қызметін ұйымдастыруы; - ҚР қоршаған ортаны қорғау заңдарын білуі; - мұнай мен газды өндіру басқармасындағы қоршаған ортаны ластаудың негізгі көздерін талдауы; - атмосфераға жіберілетін лас заттарды және қалдық су түзілуін азайту шараларын алуы; - табиғи ресурстарды тиімді пайдалану үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін қолдануы. 	БҚ 1 БҚ 5.
АП 00	Арнайы пәндер		
		<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мұнай және газ геологиясы негіздері түсінігі, жыныстардың коллекторлық қасиеттері; - мұнай және газ скважиналарын бұрғылау процесінің мақсаты; - бұрғылау ерітінділерінің негізгі функциясы; - бұрғылау тәртібі көрсеткіштерін таңдау принципі; - атқылау скважинасының түрлері; 	

Сала технологиясы.

Мұнай және газ скважиналарын бұрғылау технологиясы.

Мұнай және газ геологиясы негіздері.

Мұнай және газ скважиналарын бұрғылау туралы негізгі мағлұматтар.

Бұрғылау тізбектерінің қызметі және құрастыру элементтері.

Бұрғылау құбырлары.

Бұрғылау құлыптары.

Бұрғылау ерітінділері.

Бұрғылау ерітінділері негізгі түрлері, олардың компоненттік құрамы және қолдану жағдайлары.

Скважинаны бұрғылау тәртібі.

Скважинаның қисаюы туралы түсінік.

Қабаттарды айыру және скважиналарды аяқтау.

Мұнай және газ скважиналарын бұрғылау киындықтар және апаттар. Мұнай және газ скважиналарын бұрғылаудың техникалық-экономикалық көрсеткіштері.

Мұнай және газ өндіру технологиясы.

Мұнай және газ өндірудің физикалық негіздері.

Мұнайды атқылау әдісімен өндіру.

- атқылау скважинасы жұмысындағы мүмкін ақаулар;

- скважиналардың қисаюының алдын-алу шаралары;

- әртүрлі таулы-геологиялық жағдайлардағы скважинаны аяқтау кезіндегі жұмыстардың техникасы мен технологиясы;

- газды және газ конденсатты скважиналар жұмысының технологиялық режимі және жабдықтар ерекшеліктері;

- гидраттар түзілуін ескерту шаралары;

- бұрғылау жұмыстарының техникалық-экономикалық көрсеткіштері;

- мұнайды газлифтік әдіспен өндіру түрлері, маңызы және қолданылатын құрылғылар мен жабдықтар;

- шөгінді тізбегінің құбыр аралық кеңестігін цементтеудің техникалық құралдары және технологиясы;

- мұнай және газ скважиналары өнімдерін жинау жүйесі;

- жер асты және күрделі жөндеу түрлері, жұмыс құрамы, қолданылатын жабдықтар мен құралдар.

Іскерліктер:

- шөгінді тау жыныстары жатысының негізгі формаларын сызбада көрсетуі;

- бастапқы қабат қысымын және жер қыртысының температурасын, жыныстардың өткізгіштік

КҚ 2.1.11.
КҚ2.2.8

<p>Мұнайды газлифтік әдіспен өндіру.</p> <p>Скважиналық сораптармен мұнайды өндіру.</p> <p>Газ скважиналарын пайдалану.</p> <p>Газ скважиналары жабдықтары.</p> <p>Газ конденсатты кен орындарын игерудің ерекшеліктері.</p> <p>Скважина өнімділігін ұлғайту және қабаттардың мұнай бергіштігін арттыру әдістері.</p> <p>Кен орындардағы мұнай және газ скважиналары өнімдерін дайындау және жинау.</p> <p>Скважиналарды жер асты жөндеу.</p>	<p>және кеуектілігін анықтауы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - бұрғылау әдістерін ажыратуы; - скважинаны бұрғылауға арналған сорап берілісін таңдауы; - жасанды әдіспен әртүрлі скважиналардың қисаюын жоюы; - скважинаны аяқтау тәсілдерін таңдауы; - газ скважиналар жұмысының технологиялық режимін орнатуы; - сипатты белгілері бойынша қиындықтар түрін анықтауы; - апаттың алдын-алуы және оларды жою құралдарын таңдауы; - пайдалану тізбегін есептеуі; - бөлімшелердің өндірістік-шаруашылық қызметін талдауы; - тұзды қышқылмен өңдеуді жүргізуде химиялық реагенттердің қажетті санын анықтауы, жаңа технологиялар бойынша есептерді жүргізуі; - газлифт көтергіштерінің жүйесін және түрлерін ажыратуы; - штангалық сораптық және ЭОТС қондырғының технологиялық режимін орнатуы; - мұнай және газ скважиналары өнімдерін әртүрлі жинау жүйесі әдістерінің есептерін жүргізуі; - скважиналарды жер асты және күрделі жөндеу жүргізуге арналған жабдықтарды таңдауы.
	<p>Білімдер:</p>

Бұрғылау машиналары мен механизмдері.

Бұрғылау мұнаралары және діңгектер, міндеттері және сұрыпталуы, оларға қойылатын талаптар.

Таль жүйесінің міндеті және құрылысы, полиспласт заңы.

Шығырлар міндеті және оларға қойылатын талаптар.

Ұршықтар және оларға қойылатын талаптар.

Әртүрлі типті роторлар, олар ерекшеліктері.

Бұрғылау сораптары.

Бұрғылау ерітіндісін дайындау және тазалау үшін арналған жабдықтар

Түсіріп-көтеру операциялары жабдықтарына қойылатын талаптар.

Түп қозғалтқыштары.

Шығарып тастауға қарсы жабдықтар жиыны және мақсаты.

Бұрғылау қондырғыларының күштік жетектері.

Терең және құрылымдық-іздеме бұрғылау үшін арналған бұрғылау қондырғылары.

Бұрғылау қондырғылары механизмдерін пневматикалық басқару.

Бұрғылау жабдықтарын пайдалану кезіндегі табиғатты қорғау.

- мұнара және діңгектің сипаттамасы және құрылымы;
 - ПКР және роторлардың түрі, құрылымы, сипаттамасы;
 - бұрғылау сорабының түрі, құрылымы және техникалық көрсеткіштері;
 - ТКО қолданылатын аспаптардың және механизмдердің құрылымы, сипаттамасы, жұмыс істеу принципі;
 - бұрғылау жабдықтарының жиынтығы, орналастыру схемасы;
 - бұрғылау қондырғысының кинематикалық сызбасы, сипаттамасы;
 - пневмобасқару жүйесінің жалпы схемасы;
 - бұрғылау жабдықтарын пайдалану кезіндегі алдын ала сақтантандыру шаралары.
- Іскерліктер:
- тартпа арқанының диаметрін және мұнара түрін таңдауы;
 - мұнара және діңгектің қолданылатын құрылымдарын талдауы;
 - таль жүйесінің ұштасуын орындауы;
 - бұрғылау шығыр түрін таңдауы;
 - әр түрлі жылдамдықта ротор столының айналу жиелігін және ротор жетегінің қуатын анықтауы;
 - бұрғылау сорабының бөлшектерін беріктікке есептеуі;
 - ТКО қолданылатын жабдықтарды жөндеуі және күтуі;

БҚ 2
БҚ 4
БҚ 7
БҚ 11
КҚ 2.1.2
КҚ 2.2.9

		<p>- бұрғылау қондырғылар жабдықтарының орналасу сызбасын құруы;</p> <p>- пневмобасқару жүйесінің тораптарын бөлшектеуі және жинауы.</p>	
<p>АП 03</p>	<p>Мұнай кәсіпшілік машиналары мен механизмдері.</p> <p>Мұнай және газ скважиналарын атқылау тәсілімен пайдалануға арналған жабдықтар.</p> <p>А т қ ы л а у скважиналарының саға жабдығы.</p> <p>Мұнай және газ өнеркәсібінде сораптардың және компрессорлардың жіктелуі, құрылымы, жұмыс принципі және қолдану аймағы.</p> <p>Газлифт жұмысының схемасы.</p> <p>М ұ н а й д ы механизацияланған тәсілмен өндіруге арналған жабдықтар.</p> <p>Скважиналық штангалық сораптар жетегі.</p> <p>Скважиналарды штангасыз сораптармен пайдалануға арналған жабдықтар.</p> <p>Екі қабатты бір мезгілде–бөлек пайдалануға арналған жабдықтар.</p> <p>Мұнай және газды жинау , сақтау және тасымалдауға арналған жабдықтар.</p> <p>Қысым астында істейтін газайырғыштар, резервуарлар және ыдыстар.</p> <p>Қабаттардың мұнай беруін арттыруға арналған жабдықтар.</p> <p>Скважинаны жөндеуге арналған жабдықтар.</p>	<p>Білімдер:</p> <p>- техника қауіпсіздік және өрт қауіпсіздік ережелері;</p> <p>- жұмысты орындау кезіндегі технологиялық кезектілігі;</p> <p>- жабдықтар маркасы мен шартты белгілері;</p> <p>- атқылау скважиналарын пайдалануға арналған жабдықтар құрылысы;</p> <p>- компрессордың жұмыс жасауы және құрылысы;</p> <p>-газлифт жұмысы схемасы;</p> <p>- машиналар және механизмдер, жабдықтардың жұмыс принципі және құрылысы ;</p> <p>-жабдықтарды байлау схемасы және оларды бөлшектеу ережесі.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>- техника қауіпсіздік ережесін сақтау арқылы жұмыс тізбегін бақылауы ;</p> <p>- есептік техникалық құжатты толтыруы;</p> <p>- техника қауіпсіздік ережесін сақтай отырып, жабдықтарды тексеру</p>	<p>БҚ 2 БҚ 4 БҚ 7 БҚ 11</p>

	<p>Мұнаралар және дiңгектер. Таль жүйесi Жылжымалы көтергiш агрегаттар. Скважинаны жөндеу кезiнде қолданылатын қосымша механизмдер, құралдар және құрылғылар. Скважиналарды жууға арналған жабдықтар. Қабатты су арынымен жаруға арналған жабдықтар. Скважиналарды парафинсiздендiруге арналған жабдықтар. Скважиналарды қышқылмен өндеуге арналған жабдықтар. Ауыр процестердi механизациялауға арналған жабдықтар. Жүк көтергiш механизмдер. Мұнай кәсiпшiлiк жабдықтарды пайдалану кезiндегi табиғатты қорғау.</p>	<p>және жөндеу жұмыстарын бақылауы жүзеге асыруы; - жөндеу технологиясының сақталуын бақылауды жүзеге асыруы; - машина мен механизмдердi жөндеу жұмысын бақылауы iске асыруы; - скважинаның жұмысы режимiн техника қауiпсiздiк ережесiн сақтау арқылы реттеуi және бақылауы; - жабдықтар маркасы мен шартты белгiлерiн оқуы; - жеке шартты бойынша жабдықтарды таңдау есептерiн жүргiзуi және негiздеуi.</p>	<p>КҚ 2.1.2 КҚ 2.2.9</p>
	<p>Бұрғылау және мұнай кәсiпшiлiк жабдықтарын құрастыру, жөндеу және техникалық қызмет көрсету Жабдықтарды жөндеудi және техникалық күтудi ұйымдастыру. Жабдықтарды жөндеуге жiберер алдындағы дайындық жұмыстары. Машиналар мен механизмдердiң тозуы және үйкелуi. Бұрғылау және мұнайкәсiпшiлiктерi</p>	<p>Бiлiмдер: - техникалық күту жүйесi ережелерi және жабдықтарды жоспарлы жөндеу, күту түрлерi туралы; - жабдықтарды жөндеуге дайындаудың технологиялық процесi; - мұнай жабдықтарының бұзылу мен тозу түрлерi; - жабдықтардың бөлшектерiн жөндеу әдiстерi; - металдар мен жабдықтарда кездесетiн ақаулар және оны бақылау негiздерi; - бұрғылау және мұнайкәсiпшiлiктерi жабдықтарының типтiк бөлшектерi мен түйiндерiн қалпына</p>	

<p>жабдықтары бөлшектерін жөндеу әдістері.</p> <p>Бұрғылау және мұнайкәсіпшіліктері жабдықтарының техникалық диагностикасы және ақаулауы.</p> <p>Бұрғылау және мұнайкәсіпшіліктері жабдықтарының типтік бөлшектерін жөндеу.</p> <p>Машинаны жөндеу кезіндегі аяқтау жұмыстары.</p> <p>Бұрғылау және мұнайкәсіпшіліктері мекемелеріндегі отын - май шаруашылығын ұйымдастыру.</p> <p>Жабдықтарды жөндеу кезіндегі қоршаған органы ластау көздері.</p> <p>Бұрғылау және мұнайкәсіпшіліктері жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету. Бұрғылау жабдықтарын жөндеу және күту кезіндегі еңбекті қорғау.</p> <p>Мұнай және газды жинау, дайындау және сақтау жабдықтарын жөндеу және техникалық күту.</p> <p>Жабдықтарды тасымалдау және құрастыру негіздері.</p> <p>Бұрғылау және мұнайкәсіпшіліктері мекемелерінде құрастыру жұмыстарын ұйымдастыру.</p> <p>Жабдықтарды тасымалдау.</p> <p>Бұрғылау қондырғыларын құрастыру.</p> <p>Бұрғылау ерітінділерін дайындау, тазалау, сақтау жабдықтарын құрастыру.</p>	<p>келтірудің технологиялық процестері;</p> <p>- бұрғылау және мұнай өндіру мекемелерінде отын - май шаруашылығын ұйымдастыру;</p> <p>- жабдықтарды техникалық күтуді және жөндеуді жүргізудің кестесі;</p> <p>- жүктеу жұмыстары және жөндеу жұмыстарының қауіпсіз жүргізілуінің негізгі талаптары;</p> <p>- тасымалдау құралдары сипаттамалары, жабдықтарды тасымалдаудың негізгі түрлері;</p> <p>- бұрғылау ерітіндісін дайындау және тазалау.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>- жабдықтарды жөндеу және техникалық күту кестесін құрастыруы;</p> <p>- жабдықтардың типтік түйіндерін бөлшектеуді жүргізуі;</p> <p>- бөлшектердің тозу мөлшерін және шамаларын анықтауы;</p> <p>- мұнай жабдықтары бөлшектерін жөндеуді орындауы;</p> <p>- бұрғылау және мұнайкәсіпшілігі жабдықтарының диагностикасын және ақаулауды жүргізе білуі;</p> <p>- тозу шамасы және түріне байланысты бұрғылау және мұнайкәсіпшілік жабдықтарының типтік бөлшектерінің жөндеу әдістерін тиімді таңдауы;</p> <p>- бұрғылау және мұнай кәсіпшілік жабдықтарына кезекті және күрделі жөндеуін жүргізуі;</p>	<p>БҚ 1</p> <p>БҚ 2</p> <p>БҚ 12</p> <p>БҚ 13</p> <p>КҚ 2.1.1</p> <p>КҚ2.1.2.</p> <p>КҚ2.1.3</p> <p>КҚ2.1.4.</p> <p>КҚ2.1.12</p> <p>КҚ2.2.1.</p> <p>КҚ 2.2.2</p> <p>КҚ 2.2.5</p> <p>КҚ 2.2.9</p>
---	---	--

	<p>Бұрғылаудағы көтеріп-түсіру операциясын орындауға арналған жабдықтарды құрастыру. Бұрғылау жабдықтарын тасымалдау және құрастыру кезінде табиғатты қорғау.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - бұліну түрлеріне байланысты жабдықтардың техникалық күту және жөндеуін жүргізуі; - жөндеу жұмыстарын қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыруы; - көлік құралдарының санын есептеуді жүргізуі; - бұрғылау ерітіндісін дайындау және жабдықтарды құрастыру жұмыстарын орындауы. 	
	<p>Іштен жану қозғалтқыштары. Поршенді іштен жану қозғалтқыштарының қолдану аймағы, мұнай және газ өнеркәсібіндегі газтурбиндік кондырғылар. Іштен жану қозғалтқыштарының теориялық негіздері. Іштен жану қозғалтқыш жұмысын сипаттайтын, көрсеткіштер. Мұнай және газ өнеркәсібінде</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - іштен жану қозғалтқыштарының классификациясы, оның құрылысы және негізгі көрсеткіштері; - іштен жану қозғалтқыштарының термиялық циклдері және іштен жану қозғалтқыштарының нақты циклдарындағы жүретін процестер; - қозғалтқыштардың негізгі көрсеткіштері және жылу балансы; - іштен жану қозғалысының жүйесі, механизмдері, негізгі бөліктерінің құрылысы, және қолдануы, жұмыс принципі; - газ тәрізді отынның қасиеттері; - газ қозғалтқыштарының конструкциясы және жұмыс процесі; - қозғалтқыштар және оның жүйесін құрастыруға қойылатын талаптар; - пайдалануды ұйымдастыру талаптары, іштен жану қозғалтқыштарын тоқтату және жіберуге дайындау; - техникалық қызмет көрсету кезіндегі жұмыс 	

АП 05

колданылатын іштен жану қозғалтқыштар құрылысы.
Газ қозғалтқыштары.
Көп отынды, газтурбиналы және болашақ қозғалтқыштары .
Мұнай және газ өнеркәсібінде іштен жану қозғалтқыштарын техникалық пайдалану.
Мұнай және газ өнеркәсібіндегі колданылатын поршенді іштен жану қозғалтқыштарының техникалық күту.
Іштен жану қозғалтқыштарын пайдалану кезіндегі техника қауіпсіздігі.

түрлері және оны жүргізу жиілігі;
- форсунканы, клапанды реттеу;
- іштен жану қозғалтқыштарын пайдалану және орналастырудағы техника қауіпсіздігі талаптары;
- өрт қауіпсіздігі ережелері.
Іскерліктер:
- әртүрлі белгілері б о й ы н ш а қозғалтқыштардың жіктеуі;
- қозғалтқыштардың жұмысын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді анықтауы;
- қозғалтқыш құрылысын таңдауын жүргізуі;
- кривошипті-шатунді механизмінің бұзылыстарын анықтауы,
- газ қозғалтқыштарын пайдалануды жүргізуі;
- жетекші агрегат қозғалтқыштарын центрлеуді жүргізуі, коректендіру жүйесін толтыруы, майлауы және суытуы;
- қозғалтқыштарды жіберуі және тоқтатуы;
- қозғалтқыштардың жұмысын қадағалауды іске асыруы;
- жағар май жүйесі элементтерін жууы, форсунканы, клапанды реттеуі, аккумуляторды тексеруі.

КҚ2.1.3.
КҚ 2.2.2.

Білімдер:

- электроэнергетика саласының негізгі түсініктері;
- электр сызбасы элементтерінің шартты белгілері;

АП 06

Өндіру және бұрғылау объектілерінің электр жабдықтары.

Мұнай өнеркәсібі мекемелерін электр қамту.

Жоғары кернеулі қондырғылар электржабдықтары.

Электр жетегі.

Электрқозғалтқыштардың басқару аппаратуралары және сызбалары.

Электржабдықтардың жарылыс қауіпсіздігі.

Бұрғылау қондырғысының электр жабдықтары.

Компрессор және сорап станцияларының электр жабдықтары.

Мұнай кәсіпшілігін электрлік жарықтандыру.

Қуат коэффициенті және электр энергияны үнемдеу.

Қауіпсіздік техникасы және қорғаныстық жермен қосу құрылғылары.

- қабылдағыштарды сенімді электр жабдықтау сипаттамасы;
 - жоғары кернеулі электржабдығының жұмыс принципі;
 - электрқондырғыны пайдалану және қауіпсіз қызмет көрсету ережелері ;
 - мұнай кәсіпшілік қондырғысы электржабдықтарының құрылысы, жұмыс принципі;
 - мұнай кәсіпшілігінің компрессор және сорап станциясы электржабдығының құрылысы;
 - жарықтандыру қондырғысының негізгі түрлері.
- Іскерліктер:
- күрделі емес сызбаларды оқуы;
 - электр жабдығының жұмысын бақылауы;
 - басқару аппаратураларының жұмысын қадағалауы;
 - жарықтандыру қондырғыларын ауыстыруы;
 - электр тоғы соққан кезде алғашқы көмек көрсетуі.
 - бұрғылау және мұнай кәсіпшілігі электржабдықтарының дұрыс жұмыс жасауын және жүктемесін бақылауы;
 - қондырғының электр жабдықтарының құрылысы және жұмыс принципі талдауы;
 - уақытында ағымды және профилактикалық жөндеу жұмыстарын жүргізуі;
 - электр жүктемелеріне есеп жүргізуі.

КҚ2.2.10.

Компрессор қондырғылары және сораптар.

Сораптар мен компрессорлардың жетектері.

Сораптар мен компрессорлардың қозғалтқыштары.

Поршенді және ортадан тепкіш сораптар.

Арнайы типті сораптар.

Білімдер:

- поршенді және ортадан тепкіш сораптардың және компрессорлардың құрылысы, сипаттамасы және жұмыс принципі;

- сораптардың және компрессорлардың берілісін реттеу әдістері;

- сорап қондырғысының және компрессор станциясының коммуникациялық сызбасы, сақтандырғыш құрылғының және бекіту арматурасының орналасуы;

- сораптарды және сорапты станцияларды пайдалану ережелері;

- сорап жұмысындағы бұзылыстарды анықтау, ескерту және жою әдістері;

- сораптарды және компрессорларды жөндеу және техникалық күту кезіндегі техника қауіпсіздігі;

- поршенді, ортадан тепкіш сораптарды және компрессорларды тоқтату, жіберу және пайдалану;

- сораптардың және компрессорлардың негізгі түйіндері мен бөлшектерінің құрылысы;

- компрессорлық машиналар жұмысындағы мүмкін бұзылыстарды анықтау, ескерту және оларды жою;

- компрессорлық машиналарды жөндеу және күтуде техника қауіпсіздігі;

- компрессорлық станцияларын қызмет көрсету ережелері және техникалық сипаттамалары;

	<p>Сораптарды техникалық күту. Сораптарды жөндеу .</p> <p>Поршенді және ортадан тепкіш компрессорлар.</p> <p>Компрессорларды техникалық күту.</p> <p>Компрессорларды техникалық қарау және жөндеу.</p> <p>Компрессорлық станциялардың негізгі және көмекші жабдықтары.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - құбырларының байланысу схемасы, техникалық қызмет көрсету ережелері және екінші құбырға ауыстыру . Іскерліктер: - берілген көрсеткіштер бойынша сораптарды және компрессорларды таңдауы; - сораптар және компрессорлар жұмысының негізгі параметрлерін анықтауы; - берілген жағдайларға байланысты сорапты қондырғыларды есептеуі; - сораптарға және сорап станциясының қосымша жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуі; - компрессор станциясы жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуі және жөндеуі. - сораптар және компрессорлардың жұмыс жасау кезіндегі ақауларды анықтауы және ескертуі; - сорап және компрессорлардың берілген жұмыс параметрлерін бір қалыпта сақтауы және оны реттеуге керекті жеке агрегаттарды іске қосуы; - қызмет көрсететін машиналар мен механизмдердің жұмыс жасауы жөнінде есеп-техникалық құжаттарды жүргізуі; - сүзгілердің жағдайын тексеруі және оларды тазалауы; - айдалатын сұйықтардың мөлшерін реттеуі. 	
<p>БҰАП 00</p>	<p>Білім беру ұйымы анықтайтын пәндер **</p>		

ӨО және КП 00	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика		
ӨО 00	Өндірістік оқыту		
ӨО 01	<p>Слесарлық практика. Белгілеу туралы жалпы ұғым. Жазықтық және кеңістіктік белгілеу. Жазықтық және кеңістік белгілеу әдістері. Белгілеу кезіндегі техника қауіпсіздігінің жалпы ережелері. Техника қауіпсіздігі бойынша арнайы талаптар. Құралдарды күту және оны жұмысқа дайындау. Беттерді бояу. Белгілеу сызықтарын салу. Белгілеу сызықтарын кернеу. Металдарды кесу, түзеу және шабу туралы жалпы мағлұмат. Металды кесу, түзету және табуға арналған құралдар, құрылғылар. Жұмыс орнының және участоктың жабдықталуының негізгі ережелері. Беттерді егелеу маңызы. Беттерді егелеу кезіндегі техника қауіпсіздігі. Шабрлеу, қырнау туралы түсінік. Токарь станогының құрылысы мен құрамы. Токарлық жұмыстар операцияларының негізгі түрлері.</p>	<p>Іскерліктер: - белгілерді анықтауды, - белгілеу сызықтарын орындауды; - металдарды шабу, тегістеу, кесудің негізгі элементтерін орындауды; - металды кесу аспаптарын және шабуға арналған құрылғыларды қолдануды; - жұмыс орнын және аймақты дұрыс жабдықталуын тексеруді; - бір типті токарлі станоктарды пайдалану және басқаруды; - бұрғылап тесу жұмыстары кезінде құралдарды, саймандарды және жабдықтарды қолдануды. Дағдылар: - белгілеуді дербес орындауы; - құралдарға дұрыс күтім жүргізуі; - металды кесу, түзету, шабу кезінде операцияларды дербес орындауы; - жеке қорғаныс құралдарын қолдануы; - жазық беттерді егелеуі; - кең беттері бар дайындамаларды орындауы; - бұрыш астында орналасқан беттерді егелеуі; - қолмен және машиналық өңдеумен тесіктерді тазалап өңдеудің тәсілдерін практикада қолдануы; - техника қауіпсіздігі және өртке қарсы шараларды сақтауы.</p>	<p>БҚ 1 БҚ 2 БҚ 3 БҚ 5 КҚ2.1.5. КҚ2.1.6. КҚ2.2.6.</p>
		Іскерліктер:	

ӨО 02

Механикалық практика.

Металл кесетін станоктардың классификациясы.
Металл жону станогының типтік механизмдері және бөлшектері.
Токарлық – винт кесетін токарлық станокта орындалатын жұмыс түрлері. Тесу станоктарының классификациясы және мақсаттары.
Тесу станоктарының негізгі түйіндерінің құрылымы, механизмдері .
Фрезерлеу тобы станоктары туралы жалпы мәлімет және о л а р д ы ң классификациясы.
Қайраумен жону станоктарының негізгі түйіндері мен механизмдері.
Токарлық пышақтардың, тескіштердің, зенкерлердің, разверткалардың элементтері және классификациясы.
Кесетін құралдарды қайрау.
Өртүрлі материалдарды өндегенде қолданылатын суыту – майлау сұйықтықтары.
Механикалық цехтағы қауіпсіздік талаптары.

- техникалық құжаттар түрлерін жүргізу;
 - слесарлық және механикалық жұмыс түрлерін жүргізу;
 - бақытсыз жағдайға душар болған жағдайда алғашқы көмекті ұйымдастыру;
 - токарлық жұмыстардың негізгі түрлерін қолдану;
 - бұрғылау жұмыстарының түрлерін қолдану, бұрғылау станоктерін күту;
 - жону жұмыстарының негізгі түрлерін жүргізу;
 - токарь станогында бұйымды токарлық өндеуді жүргізу;
 - металды ажарлап өндеудің ақырғы түрін орындау.
- Дағдылар:
- станокті техникалық күтуі;
 - жұмыс орнын ұйымдастыруы;
 - токарь жұмыс кезінде техника қауіпсіздік ережесін сақтауы;
 - бұрғылау станогін қызмет көрсетуі;
 - бұрғылау жұмыстары кезінде техника қауіпсіздігін сақтауы;
 - фрезерлеу жұмыстары кезінде техника қауіпсіздігін сақтауы;
 - дайындаманы әмбебап токарь станогінде токарьлық өндеуді орындауы;
 - тік және көлбеу фрезерлеу станоктерінде қарапайым бөлшектерді 12-14 квалит дәлдігіне дейін жонуы;
 - тәжірибеден өту кезінде , слесарлық-механикалық операцияларды орындай білуі.

БҚ 1
БҚ 2
БҚ 5
КҚ2.1.1.
КҚ2.1.6.
КҚ2.1.8.
КҚ2.1.9
КҚ 2.1.10.
КҚ 2.2.6

Іскерліктер:

ӨО 03

Технологиялық процестер мен жабдықтарды үйрену.

Мұнай және газ скважиналарын бұрғылау техникасы мен технологиясы.

Бұрғылау жұмыстарын басқармасының құрылымы мен функциясы.

Бұрғылау қондырғыларының конструкциясы.

Өндірістік қызмет көрсету базасы.

Бұрғылау жабдықтарын жөндеу цехы.

Бұрғылау жабдықтарын жинақтау алаңы және материалдық - техникалық қойма.

Саз балшық ерітінділерінің зауыты.

Мұнара монтаждау цехы. Тампонаж жабдықтары.

Мұнай және газды өндіру, дайындау және тасымалдау техникасы мен технологиясы.

Мұнай газ өндіру басқармасы құрылымы мен функциясы.

Мұнай-газ скважиналарын пайдалану.

Мұнай-газ скважиналарын жөндеу.

Кәсіпшілікте мұнай және газды жинау, дайындау және тасымалдау.

Жабдықтарды жөндеу технологиясы.

- скважина конструкциясының элементтерін, скважинаны бұрғылаудың технологиялық процестерін үйренуі;

